



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: ЖАҢА САЯСИ АРХИТЕКТУРАНЫҢ БАСТАУЫ



Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы өтті. Бұл – жекелеген өзгерістерді емес, мемлекеттің саяси жүйесін тұтастай қайта ойлауға бағытталған маңызды қадам. Президенттің «Айтылды, орындалды» қағидаты аясында басталған бұл үдеріс қоғамда бірнеше ай бойы қызу талқыланды. Ұсыныстарға нақты институционалдық жауап беріп отыр.

(Жалғасы 3-бетте)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА – 30 ЖЫЛ

– Судьялар мен сот қызметкерлерінің басын біріктіріп, бірегей істерге бастамашы болып жүрген Қазақстан Республикасы Судьялар одағының құрылғанына биыл 30 жыл толады екен. Одақтың сот жұмысындағы маңызы қандай?

– Отыз жыл – бір құрылымның жұмысын жолға қойып, жүйелеу үшін жеткілікті уақыт. Қазақстан Республикасының Судьялар одағы осы жиырма жыл ішінде судьялар мен сот қызметкерлерінің қорғаны, қолдаушысы бола білді. Одақтың әрбір өңірлік соттағы филиалдары да өзіне жүктелген міндетті сапалы атқарып келеді.

Бұл қоғамдық бірлестік тәуелсіздіктің елең-алаң шағында құрылғаны белгілі. 1996 жылы 19 желтоқсанда республика судьяларының алғашқы съезі өткізіліп, осы маңызды жиында Судьялар одағы қоғамдық бірлестігін құрып, ең алғашқы Әдеп кодексін қабылдау туралы тарихи шешім қабылданған болатын. Содан бері одақ сот жұмы-



Мария ШАРИПОВА,

Ақтөбе облыстық сотының судьясы,

ҚР Судьялар одағының Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы:

«СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ – СОТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫСЫ»

сын жандандыруға, судьялардың әлеуметтік, тұрмыстық, кәсіби қызметіндегі мәселелерді оңтайлы шешуде ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

Бүгінде Судьялар одағының беделі биік, жұмысы көпшілікке танымал. Соның арқасында одақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтас-тық ұйымы, Еуропалық кеңес, GIZ, USAID, ABA ROLI, Халықаралық заңгерлер одағы секілді халықаралық ұйымдармен белсенді жұмыс жүргізуде. Бұдан бөлек, Халықаралық Судьялар қауымдастығының 54-ші отырысында толық құқықты мүшелік мәртебесін алды. Бұл Судьялар

одағының өз жұмысын халықаралық талаптарды ескере отырып жүргізетінін дәлелдесе керек.

Сондай-ақ Судьялар одағының құрамында филиалдардан бөлек, Судья әдебі жөніндегі комиссиялар, Ардагерлер кеңесі жұмыс жасайды. Одақтың Ақтөбе облысындағы филиалы да ортақ істерден шет қалған емес. Біздің ұйымдастыруымызбен Ақтөбе облыстық сотында да түрлі маңызды шаралар қолға алынып жатыр.

– Судьялар одағының негізгі қызметіне не кіреді?

(Жалғасы 4-бетте)



ПІКІР. ҰСЫНЫС. ТАЛҚЫ

Әбдірашид ЖҮКЕНОВ,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі

алқасының бұрынғы төрағасы,

«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының зейнеткер судьялары»

қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы

ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТІҢ БІРІЗДІЛІГІ МЕН ТИІМДІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР, ОЛҚЫЛЫҚТАР МЕН ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАР

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі – ҚПК) өзінің құқықтық сипаты бойынша мазмұндық, логикалық жақтан үйлесімді және функционалды бағдарланған нормативтік акт болуы тиіс. Оның мақсаты барлық іс жүргізу тетіктерін механикалық түрде сипаттауға емес, жеке құқықтарды қорғауға және қылмыстық құдалаудың тиімділігін қамтамасыз ететін қылмыстық іс жүргізудің анық, түсінікті, қолданылуға ыңғайлы ережелерін белгілеуге бағытталған. Ең бастысы, ҚПК ережелері жеке тұлғалар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кездейсоқ шектеуге жол бермеуі, сондай-ақ заңсыз қылмыстық құдалаудан қорғауы тиіс.

Сонымен қатар, Қылмыстық-процестік кодекстің қазіргі нұсқасында нормалардың шамадан тыс жинақталуы, рәсімдік талдап тексеру шектен тыс көптігі, әрі ережелердің қайталануы мен заңнамалық құрылымдардың тым күрделілігі байқалады. Мұндай шектен тыс реттеу, үнемі орын алатын нақты түзетулер мен негізгі институттарды тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қараудың қарастырылмауы кодекстің нормативтік құқықтық жүктемесін арттырды.

Қылмыстық-процестік кодексе қылмыстық іс жүргізудің негізгі қағидаттарын бекітудің орнына, көп жағдайда тергеушілер үшін нұсқаулық ретінде қызмет етеді. Соның нәтижесінде құқық қорғау органдары жеке құқықтарды қамтамасыз етуден гөрі, көптеген ережелерді ресми түрде сақтауға мән береді. Бұл іс жүргізу қателіктерінің орын алып, мазмұнның орнына нысанды ауыстыру қаупін арттырады. Осылайша әділеттілік құралы ретінде қызмет етуге тиіс

заң техникалық ережеге айналады да, нәтижесінде қарапайым әріп заңның мәнін өзгертеді. Мұның бәрі қылмыстық іс жүргізудің сапасына кері әсер етеді: ол құқық қорғауды қиындатады, формализмді дамытады, нормаларды екішты түсіндіруге ықпал етеді және қылмыстық құдалау органдарының дискрециялық өкілеттіктерін кеңейтеді.

Бұл мәселелер, әсіресе, Ерекше бөлімнің ережелері мен Қылмыстық-процестік кодекстің Жалпы бөлімінің негізгі ережелері арасындағы алшақтықта айқын көрінеді. Соңғысында қылмыстық іс жүргізудің негізгі қағидаттары ретінде: заңдылық, жарыспалы іс жүргізу, тараптардың теңдігі, кінәсіздік презумпциясы, қорғану құқығы, жеке тұлғаның ар-намысы мен кәдір-қасиетін құрметтеу және заңды бұза отырып алынған дәлелдемелерге жол бермеу тетігі бекітілген.

(Жалғасы 2-бетте)

5-БЕТ



Уалихан АХАТОВ, *ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

Заң факультетінің деканы:

«Ұлы ұстаздардың ғылыми мектебі – өмірлік бағдарым»

6-БЕТ



«Адамның бәрі – өз халқың»

8-БЕТ



Ақпараттық қауіпсіздік – басым бағыттың бірі

 ПІКІР. ҰСЫНЫС. ТАЛҚЫ

Әбдірашид ЖҮКЕНОВ,
*Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі алқасының бұрынғы төрағасы,
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының зейнеткер судьялары» қоғамдық бірлестігінің тең төрағасы*

ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТІҢ БІРІЗДІЛІГІ МЕН ТИІМДІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР, ОЛҚЫЛЫҚТАР МЕН ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАР

(**Соңы. Басы 1-бетте**)

Дегенмен, Ерекше бөлімнің ережелерін талдау көптеген іс жүргізу институттарының осы қағидаттардан тәуелсіз жұмыс істейтінін және кейбір жағдайларда оларға тікелей қайшы келетінін көрсетеді.

Әсіресе, Ерекше бөлімнің Қылмыстық-процестік кодекстің 23-бабында бекітілген жарыспалылық және тараптар теңдігі қағидатына сәйкес келмейтіні айқын байқалады. Сотқа дейінгі тергеудің процессуалдық механизмдері асимметриялық түрде құрылымдалған: айыптау жағына дәлелдемелерді бастау, жинау және қамтамасыз ету бойынша басымдық берілген болса, ал қорғау жағының дәлелдемелерді өз бетінше жинау мүмкіндігі жанама және тәуелді болып отыр. Нәтижесінде жарыспалылық қағидаты негізінен декларациялық сипатқа ие болып, процедуралық институттардан толыққанды қолдау таппайды.

Тараптардың теңдігі мен жарыспалы іс жүргізуін шынайы қамтамасыз ету үшін адвокаттардың процессуалдық өкілеттіктерін кеңейту және сотқа дейінгі тергеу институтын тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қарау маңызды. Сотқа дейінгі тергеу институтын сотқа дайындық кезеңіне айналдырып, оның шеңберінде айыптау мен қорғау тараптары өзінің дәлелдемелерін тек соттың жарыспалы процесс аясында қарап зерделеуі үшін жинауы, қорғауы және қамтамасыз етуі керек.

ҚПК-нің 112-бабында қылмыстық іс жүргізудің негізгі қағидаттарының бірі – заңды бұза отырып алынған дәлелдемелерге жол бермеу тетігі ресми түрде бекітілген, тіпті мұндай бұзушылықтардың тізімі де дәйектелген. Алайда, Қылмыстық-процестік кодекстің Ерекше бөлімі сотқа дейінгі тергеудің алғашқы кезеңдерінде мұндай дәлелдемелерді алып тастаудың тиімді және айқын тетігін қамтамасыз ете алмай отыр. Ал бұл кезде айыптаудың негізгі дәлелдемелік базасы қалыптасатыны белгілі.

Сонымен қатар, қылмыстық іс жүргізу заңнамасында заңды бұза отырып дәлелдемелер «алуға» жол бермейтін тиімді процедуралық кедергілер қамтылмаған. Соның салдарынан қылмыстық қудалау органдары заңсыз дәлелдеме алуға жүйелі түрде жол береді де, ал бұл бұзушылықтарды анықтау және дәлелдеу ауыртпалығы қорғаушы тарапқа жүктеледі. Мұндай тәжірибенің қалыптасуы орынсыз. Сонымен қатар, қорғаушы тараптың дәлелдері көбінесе жіберілген бұзушылықтардың «маңызды еместігіне» сілтеме жасау арқылы елеусіз қалады немесе ескерілмей жатады. Бұл дәлелдемелердің қабылданбау институтын ресми декларацияға айналдырады.

Құқықтық реттеудегі мұндай көрініс пен бүгінгі қалыптасқан тәжірибе Қылмыстық-процестік кодекстің 10-бабының 3-бөлігінде бекітілген заңдылық қағидатына тікелей қайшы келеді. Егер заң қылмыстық процестің барлық қатысушылары үшін міндетті болса, онда оны бұза отырып дәлелдемелерді қасақана алу процессуалдық қызметтің шекті элементі болып саналмауы керек. Заң үстемдігі салтанат құратын мемлекетте заңсыз дәлелдемелер процестің кейінгі кезеңдерінде жөнделмегені абзал; олар дереу және бірден алынып тасталуы керек.

Осыған байланысты, Қылмыстық-процестік



...дәлелдемелерді алып тастаудың механизмін ғана енгізу жеткіліксіз. Маңызды тұлғалар заңсыз дәлелдемелерді алудың нақты және елеулі салдарын сезінгенге дейін мұндай бұзушылықтар жалғаса береді. Сондықтан, дәлелдемелерді жинау кезінде заңды қасақана немесе өрескел бұзғаны үшін тәртіптік, әкімшілік және ең ақыр жағдайларда қылмыстық жауаптылық, түрінде қатаң жеке жауапкершілік белгілеу қажет деп санаймын. Бұл жерде процедуралық қателіктер үшін белгіленетін жаза тұралы айтылып тұрған жоқ, мұнда заңды қасақана елеуі, дәлелдемелерді бұрмалау, сот процесіне қатысушыларға қысым жасау және процедуралық кепілдіктерді айналып өту үшін жауапкершілік белгілеу мақсат етіліп отыр.

кодекске дәлелдемелерді жарамсыз деп танудың тиімді тетігін енгізу қажет секілді. Себебі, ол кейіннен емес, сотқа дейінгі тергеудің бастапқы кезеңінде жұмыс істегені дұрыс. Мұндай тетік қорғаушы тараптың бастамасы бойынша алынған дәлелдемелердің заңдылығын міндетті және жедел соттық қарауды, сондай-ақ бұзушылықтар анықталған жағдайда оларды қылмыстық іс материалдарынан дереу алып тастау мүмкіндігін көздеуі тиіс. Сонымен қатар, осы рәсім шеңберінде барлық күмәндерді қорғау тарапының пайдасына түсіндіру ережесі дәйекті және сөзсіз қолданылуы керек. Дәлелдемелерді алу әдісінің заңдылығына, процедуралық нысанның сақталуына немесе процедуралық кепілдіктердің көлемі мен мазмұнына қатысты туындаған кез келген күмәндарды дәлелдеме ретінде тануға жол берілмеуі тиіс. Мұндай жағдайларда бұзушылықтарды «маңызды емес» деп жіктеу тәжірибесі алынып тасталғаны абзал, себебі бұл заңдылық қағидатының және кінәсіздік презумпциясының мәніне қайшы келеді.

Заңның бұзылуын «маңызды емес» деп тану жеке құқықтарға заңсыз араласуды тиімді түрде заңдастыруға жол ашады және мұндай бұзушылықтардың қайталануына ықпал етеді. Шынайы заң үстемдігі салтанат құрған жағдайда дәлелдемелердің қабылдануы туралы мәселе оның «ыңғайлылығы» жөніндегі критерийге негізделіп шешілмеуі керек: яғни дәлелдемелер заңды түрде алынып, сот отырысында пайдаланылуы мүмкін, немесе заңнан қандай да бір ауытқу орын алған жағдайда оны толығымен алып тастауға әкеп соғуы тиіс.

түрінде қатаң жеке жауапкершілік белгілеу қажет деп санаймын. Бұл жерде процедуралық қателіктер үшін белгілінетін жаза туралы айтылып тұрған жоқ, мұнда заңды қасақана елемеу, дәлелдемелерді бұрмалау, сот процесіне қатысушыларға қысым жасау және процедуралық кепілдіктерді айналып өту үшін жауапкершілік белгілеу мақсат етіліп отыр. Осы жағдайды әріптестермен – бірқатар еуропалық елдердің судья, прокурорларымен талқылаған кезде мәселенің тұжырымдамасының өзі оларды айтарлықтай таңқалдырған еді. Біздің тәжірибемізбен танысқан шетелдік әріптестер осы ретте «құқықтық мемлекетте дәлелдемелер жинау кезінде алдымен заңды саналы түрде бұзып, артынан оның рұқсат етілетіндігі немесе рұқсат етілмейтіндігін талқылағандарыңыз қаншалықты дұрыс?» деп түсінбестік таңытқан болатын. Олардың пікірінше, бұл процедуралық ерекшелік емес, ерікті шешім және негізінен, әділеттілікке қарсы қылмыс.

Шыны керек, осындай талқылаулар барысында елімізде жоғарыдағыдай тәжірибенің бар екенін айтып ақталып, басқа құқықтық мәдениетте тәрбиеленген әріптестер алдында жиі қолайсыз жағдайда қалуға мәжбүр болып жатамыз. Заңсыз алынған дәлелдемелерге «жол берілетінін» талқылаудың өзі елімізде процедуралық ойлаудың терең бұрмаланғанының дәлелі ретінде қабылданады.

«Заңсыз дәлелдемелерді алуға» жедел және қатаң түрде тосқауыл қойып, кінәлілер жауапкершілікке тартылмайынша, дәлелдемелерге жол бермеу қағидасы ойдан шығарылған болып қала

береді. Заңдылық қағидатын шынайы сақтау декларацияларды емес, тиімді құқықтық тетіктерді және оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің сөзсіз қарастырылуын талап етеді.

Жалпы бөлімнің негізгі ережелері мен Ерекше бөлімдегі процессуалдық тетіктерді реттеу арасындағы сәйкессіздік қарама-қайшы құқықтық тұжырымдамаларды тудырады. Оған нақты мысалдың бірі – «қорғауға құқығы бар куәгер» ұғымы. Бұл мәртебе бәсекелестік қағидатына да, қорғану құқығын қамтамасыз ету қағидатына да сәйкес келмейтін қылмыстық іс жүргізудегі түсініксіз элемент болып табылады.

Осындай аралық процессуалдық мәртебенің енгізілуі куәгер мен қылмыстық қудалауға нақты ұшыраған адам арасындағы шекараны жояды. Қылмыстық-процестік кодекстің 7-бабы 18) тармағына сәйкес, қорғануға құқығы бар куә қорғау тарапына жатпайды. Дегенмен, Қылмыстық-процестік кодекстің 65-1-бабы мұндай адамды қылмыстық орбитаға еркінен тыс тартып, оларды өзін-өзі қорғауға мәжбүрлейді, бұл өз кезегінде қылмыстық жауапкершілік қаупін тудыратыны түсінікті. Мұндай жағдайларда адамға барлық процессуалдық кепілдіктермен бірге күдікті мәртебесін беру логикалық тұрғыдан дұрыс әрі заңды болар еді.

Іс жүзінде қорғануға құқығы бар куәгер қылмыстық іс жүргізудің «сұр аймағында» болады: тергеу органдары оларды қылмыстық құқық бұзушылыққа әлеуетті қатысушы ретінде қарастырады, бірақ оларды күдікті ретінде танудан саналы түрде қашады. Нәтижесінде, құқықтар мен кепілдіктердің толық жиынтығы болмаған соң, процедуралық міндеттемелердің ауқымды көлемі сақталады. Бұл осы мәртебені орынсыз пайдалануға, соның ішінде процессуалдық кепілдіктерді айналып өту, жеке тұлғаны ресми түрде күдікті деп жарияламай дәлелдемелер алу, кінәсіз адамдарға азаматтық дауларды шешуге немесе бизнесті жоюға қысым жасау және қылмыстық қудалау қаупі арқылы материалдық пайда алуға түрткі болады. Адам құқықтары мен құқықтық мемлекет қағидаттары тұрғысынан қарағанда мұндай тәуекелдер «қорғануға құқығы бар куәгер» ұғымының осал екенін айғақтайды.

Түптеп келгенде, күдіктінің мәнін білу құқығы, үндемеу құқығы, қорғаушының белсенді көмек алу құқығы, шағымдану құқығы және сот бақылауы секілді конституциялық және іс жүргізу кепілдіктері күшіне енген кезде адамның ресми түрде күдікті деп танылуы оның барынша қорғалуына жол ашады: Осылайша, қорғауға құқығы бар куәгер институты жеке тұлғаның құқықтарын қорғауды күшейтпейді, керісінше оны әлсіретеді.

Сол сияқты, куәгерлер институты Қылмыстық-процестік кодекстің Ерекше бөлімінің ескірген элементі болып қала береді. Тарихи тұрғыдан алғанда, ол техникалық жазба жабдықтарының жетіспеушілігін өтеуге және тергеу әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуге арналған. Дегенмен, қылмыстық іс жүргізу саласын цифрландыруға орай бұл функцияларға байланысты маңызды болмай қалды. Қазіргі заманғы бейнежазба технологиялары адамның қабылдауына қарағанда объективтірек, субъективті факторлардың әсерін және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай азайтады.

Іс жүзінде сотқа куәгерлердің қатысуы көбіне-көп формальдылыққа айналуда; оларды іске қатыстыру тергеу әрекеттерін кешіктіреді, қосымша процедуралық тәуекелдер тудырады және дәлелдемелерді жарамсыз деп тануға формальды негіз жасайды. Сонымен қатар, «кезекші» куәгерлерді пайдалану және олардың дәлелдемелерді бұрмалауға қатысатыны белгілі болып отыр. Бұл осы институт идеясының өзін толығымен жоққа шығарады. Көптеген құқықтық жүйелерде куәгерлер институтының жойылуы немесе ерекше жағдайларға дейін қысқартылуы кездейсоқтық емес. Біз де солай істеуіміз керек.

Ойымды қорыта келе қылмыстық іс жүргізу заңнамасын одан әрі дамыту Қылмыстық-процестік кодексті тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қарауды қажет етеді деп санаймын. Оны жаңғырту нормативтік артықшылықты, олқылықтарды және қарама-қайшылықтарды жоюға, іс жүргізу механизмдерін жарияланған қағидаттармен үйлестіруге және қылмыстық іс жүргізудің шынымен бәсекелестік моделін құруға бағытталуы керек.

 «МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА – 15 ЖЫЛ

ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

«Медияция туралы» заң 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданған болатын. Міне, содан бері он бес жыл өтті. Медияцияны дамыту, дауларды бейбіт жолмен шешу бойынша мақсатты түрде жұмыс істеген, жоғары нәтижелерге қолжеткізген жемісті тежеңісті жылдар.

«Медияция туралы» заңның қабылдануы құқықтық жүйеде ғана емес, қоғамда ерекше орын алған маңызды бастама болды. Бұл жаңа институт өркениетті қатынастарды қалыптастыруға, әлеуметтік және өзге де жанжалдарды шешуге, қоғамдық сананы нығайтуға бағытталуымен ерекше.

Медияция заңының мүмкіндігі кең. Заң жеке және заңды тұлғалар ара-

сындағы азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын істерде қолданылады. Сонымен бірге, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар бойынша сот ісін жүргізу барысында да медиация үлкен сұранысқа ие.

Ауыл ішіндегі дауларды бейбіт келісіммен шешіп, ел ішіндегі тентектерді түрмесіз-ақ түзеген қазақ халқы-

на медиацияның табиғаты жақын. Қылмыстық істерді қарау аясында тараптар келісімге келгеннен кейін іс сотта бейбіт келісім ретінде мақұлданады. Қылмыстық істердегі медиацияны қолданудың тәртібі заңдық тұрғыдан жан-жақты дәйектелген. Соған сәйкес ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстық істер бойынша айыпталушы жак жәбірленушінің кешірімін алып, келтірілген залалдың орнын толтыру туралы екі жақты келісімге келетін болса, Қылмыстық кодекстің 67-бабы негізінде қылмыстық іс қысқартылады. Яғни, медиация көптеген азаматтардың

қылмыстық орбитаға тартылмай, өз катесін түсініп, түзелуіне оң ықпалын тигізіп отыр. Бүгінде медиаторлардың да белсенділігі жоғары. Медиация мәселесі бойынша арнайы білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби медиаторлар да, кәсіби емес медиаторлар да он бес жылдың ішінде мол тәжірибе жинақтап, шеберлігін шыңдады. Сондай-ақ, қос тараптың қорғаушы адвокаттары да медиацияның тиімді тұстарын өз тәжірибелерінде оңтайлы пайдаланып жүр.

Істердің ақ-қарасын анықтауда сот пен медиация арасында айырмашылық көп. Сот туындаған дауды заң тұрғысынан қарайды. Сотқа жүгінген тараптар уақыт жағынан да, қаржылық тұрғыдан да бірқатар қиындықпен бетпе-бет келеді. Себебі, сот процесіне қатысқан тараптардың жұмысы тоқтайды, табысы кемиді. Оның үстіне, процесс өткен сайын жұмыстан сұрану да аз қолайсыздық тудырмайды. Бұл уақыт жағынан ғана емес, қаржылық тұрғыдан да тиімсіз. Сонымен қатар,

процеске арнайы адвокат жалдау, баж салығын төлеу де қалтаға бірталай жүк салады.

Сотта бір жақтың, яғни шағымданушының ғана талабы қанағаттандырылатын болғандықтан, үкімге екінші жақтың да риза болатын кезі сирек. Ал медиациялық келісімге екі тараптың да көңілі толады. Аталмыш заң өз кезегінде соттардың жүктемесін азайтып, сапалы сот шешімдерінің көбеюіне және бюджет қаражатын үнемдеуге, сонымен бірге қарапайым халықтың сот жүйесіне сенімін арттыруға ықпалын тигізеді.

Сондықтан алдағы уақытта да «Медияция туралы» заңның артықшылығын түсіндіріп, медиативтік келісімдердің көбеюіне қоғам болып атсалысқанымыз абзал.

Сержан БАЙБОЛОВ,
Жетісу аудандық №2 сотының
төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: ЖАҢА САЯСИ АРХИТЕКТУРАНЫҢ БАСТАУЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Комиссияға Конституциялық Соттың төрағасы Эльвира Азимова жетекшілік етеді. Ал оның орынбасарлары ретінде Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин мен Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бекітілген.

Отырысты ашқан Эльвира Азимова Конституциялық комиссияның құрылуы кездейсоқ шешім емес екенін атап өтті. Бұл 2025 жылдың қазан айынан бері Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы азаматтардан, партиялардан және қоғамдық ұйымдардан түскен ұсыныстарды жүйелеп, жан-жақты талдау нәтижесінде жасалып отырған қадам. Өйткені, оған бүгінге дейін азаматтардан 2 мыңнан астам ұсыныс түсті. Олардың ішінде өз бастамаларын жолдаған саяси партиялар, ҰЕҰ, бизнес-құрылымдар, ғалымдар мен сарапшылар да бар. Олардың ұсыныстары тек бірпалаталы Парламентке көшу тақырыбымен шектелмеген. Бұл – реформаның әлеуметтік легитимділігі жоғары екенін көрсетеді. Осыны ескерген Мемлекет басшысы кең форматтағы Конституциялық комиссия құру туралы шешім қабылдады. Осы жайлы айта келіп, Конституциялық Сот төрағасы: «Комиссияның кеңейтілген форматта құрылуы – қоғамда қалыптасқан ауқымды сұранысқа берілген жауап», – деді.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Карин комиссия жұмысының парламенттік реформадан бастау алатынын атап өтті. Карин мырзаның айтуынша, 6 ай ішінде өткен 6

отырыста болашақ Парламенттің құрамы мен өкілеттігі, сайлау жүйесі, квоталар, заң шығару процесі толық қаралды. Негізгі ұсыныстардың бірі – 145 депутаттан тұратын бірпалаталы Парламент – Құрылтай құру. Оған барлық депутаттар толықтай пропорционалды жүйе бойынша сайланады. Президенттік квота алынып тасталады. Тек әйелдерге, жастарға және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған әлеуметтік квоталар сақталады.

Депутаттардың өкілеттік мерзімі – 5 жыл болып, заң жобалары үш оқылымда қаралады. Сонымен қатар Құрылтайдың келісімімен Конституциялық Сот, Жоғары аудиторлық палата және Орталық сайлау комиссиясының мүшелері тағайындалмақ. Жоғарғы Сот судьяларын сайлау құқығын да депутаттарға беру ұсынылып отыр. Осы жайлы баяндай келіп, Мемлекеттік кеңесші бұл өзгерістер Парламенттің дербестігін күшейтіп, саяси жауапкершілікті арттыруға бағытталғанын айрықша атап өтті.

Сол секілді жиында сөз алған Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев Конституцияға енгізілуі ұсынылып отырған жаңа институттар Вице-президент және Қазақстанның Халық Кеңесі құзыретінің мән-маңызы, өкілеттігіне тоқталды. Жиенбаев мырзаның айтуынша, Вице-президентті Президент Құрылтайдың келісімімен тағайындайды. Бұл құзырет иесі Президенттің тапсырмасымен халықаралық қатынастарда ел атынан өкілдік етеді, Парламентпен, Үкіметпен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Сонымен

қатар қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени ұйымдармен байланыс орнатады.

Вице-президентке қойылатын маңызды талаптар да белгілі болды. Жиенбаев мырзаның айтуынша, Вице-президент партияда болмауы, депутаттық мандат пен кәсіпкерлік қызметтен тыс тұруы керек. Бұл саяси бәсекені күшейту және институттың бейтараптығын қамтамасыз ету мақсатында енгізіліп отыр. Осыған байланысты Конституциядан Мемлекеттік кеңесші туралы норма алынып тасталмақ.

Ал Қазақстанның Халық Кеңесі Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын біріктіретін жоғары консультативтік орган ретінде ұсынылып отыр. Оның құрамы Президент тарапынан қалыптастырылады және оған заң шығару бастамасы құқығын беру көзделген. Бұл – азаматтық қоғамның саяси процеске қатысуын жаңа деңгейге көтеретін тетік болмақ.

Отырыстағы айтылған пікірлерден түйгеніміз – Конституциялық реформа билік тармақтарын қайта бөлу ғана емес, бұл – жауапкершілік, ашықтық және әділеттілікке негізделген жаңа саяси мәдениет қалыптастыруға талпыныс. Комиссия жұмысының ашық форматы мен қоғамнан түскен ұсыныстардың көптігі реформаның жоғарыдан төмен емес, керісінше төменнен жоғары қарай жүріп жатқанын аңғартады. Демек, бұл үдерістің нәтижесі қабылданатын нормалардан гөрі, олардың қалай және қандай рухта жүзеге асырылатынына тікелей байланысты болмақ.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

баға беруді, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік міндеттері мен шекара маңындағы халықтың мүдделері арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуді ұсынуы орынды.

Сол секілді сенатор Сәкен Арубаевтың жайылым тапшылығын өзек еткен депутаттық сауалы айрықша назар аударып, тиісті шешім қабылдауды қажет етеді. Сенатордың айтуынша, пайдаланылмай жатқан және заңсыз берілген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілгеніне қарамастан, жайылым әлі де тапшы. Бұл жағдай мал шаруашылығының дамуына және ауылдық аумақтардың әлеуметтік тұрақтылығына тікелей әсер етуде. Сенатор келтірген мәліметтерге сенсек, бүгінгі таңда мемлекет меншігіне 14,3 млн гектар жер қайтарылған, оның 12,7 млн гектары жайылымдық алқаптар. Оның ішінде 8,5 млн гектары ауыл шаруашылығы айналымына қайта қосылды.

Атап айтқанда, Маңғыстау облысында жайылым тапшылығы 2,3 млн гектар, Түркістан облысында 531 мың гектардан астам, Алматы облысында – 758,8 мың гектар, Қызылорда облысында – 403,2 мың гектар, Қостанай облысында – 379 мың гектар. Бұл ретте қайтарылған жайылымдық алқаптардың бір бөлігі елді мекендерден өте алыс орналасқан, су көздерімен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етілмеген немесе табиғи-климаттық жағдайларды ескергенде толыққанды пайдалануға жарамсыз.

Осыған байланысты сенатор алыс жайылымдық алқаптарды түгендеу және қажетті инфрақұрылымды дамыту бойынша арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді ұсынды. Сондай-ақ жайылымдардың бірінғай цифрлық базасын қалыптастыра отырып, кешенді ғылыми және геоботаникалық зерттеулер жүргізу, ресми түрде мемлекеттік орман қорына жататын, бірақ мал шаруашылығына жарамды жерлерді шаруашылық айналымына қосудың құқықтық тетіктерін жасау қажеттігін мәлімдеді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ОҚЫРМАН ХАТЫ



«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен тартады» дегендей, бүгін алаяқтар жағадан алғанда, банк жүйесіндегі бақылаусыздық сол қылмысқа жол ашып, халықты жағадан ұстап, етектен тартуда. Бірі тонады, бірі тосқауыл бола алмады.

АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС – АРДЫҢ ІСІ

Егер банк жүйесі өзіне жүктелген аманатты заң талабы мен қоғам талабына қарай адал атқарса, заң талаптары қағаз жүзінде емес, өмірде іс жүзінде орындалса, жауапкершілік есеп үшін емес, ел үшін, ел болашағы мен артта өсіп келе жатқан ұрпақ үшін болса, азаматтың қатысуынсыз, келісімінсіз, еш қолтаңбасыз бірде-бір несие рәсімделмес еді.

Бұл бір адамның жаңылғаны емес. Бұл бір күннің не бір айдың қателігі емес. Бұл жүйеге айналған жауапсыздықтың салдары. Нақты шындықты айтсам, менің жақын туысым алаяқтықтың құрбаны болды. Менің туысымның атына оның еркінен тыс, келісімінсіз бірнеше несие рәсімдеген. Ол адам банкке бас сұқпаған, тіпті ондай банк бар екенін білмейді де, несие алуға ниет те білдірмеген, бірде-бір қарағызға қол қоймаған, электронды келісімнің бірін де растаған емес. Түпқараған ауданында ондай банктер жоқ бола тұра, Аташ ауылы тұрғыны бірнеше километр қашықтықтағы Ақтау қаласына жарты сағат ішінде ұшып барып, бірнеше банктен қалай несие рәсімдейді? Соған қарамастан, оның атына қанша жылдық қарыз ілінді.

Бүгінде ол алаяққа алданғанын дәлелдеу үшін туған-туыс, жора-жолдас былай тұрсын, соттың табалдырығын тоздырып, есігін күзетіп әлі жүр.

Бүгінгі қасірет – надандықтан емес, жүйесіздік пен жауапсыздықтан туып отыр. Ешбір келісім бермеген азаматтың атына несие рәсімделді. Ал зардабын кім тартты? Алаяқ емес, жүйе емес, қарапайым халық. Ол жерде сіз бен біз де болуымыз хақ!

Алайда қоғамда әділдікке деген сенім біржола жоғалып кеткен жоқ. Осындай қиын сәтте елге жәрдем қолын созуға даяр жанашыр адал азаматтар бар. Соның бір дәлелі Маңғыстау облысы бойынша «AMANAT» партиясы филиалының төрағасы Қарасаев Нұрбек Қарасайұлы алаяқтықтың алдын алу бағытында халықпен тікелей жұмыс жүргізіп отыр. Партия алаңына жүгінген азаматтардың арыз-шағымдарын қабылдап, оларға құқықтық көмек беріп, түсіндіру жүргізіп, өкілетті органдармен кездесіп, шараларын ұйымдастыруды әлі тоқтатпай жүргізуде.

Мәселе уәкілетті мемлекеттік органдардың назарына ұсынылуда. Бұл қоғаммен байланыс орнатудың нышаны, «халық үніне құлақ асу» қағидатының нақты көрінісі деп білемін.

Мәжіліс депутаты Мұрат Өбеновтің бастамасымен енгізілген заңнамалық өзгерістер үш негізгі міндетті анық көрсетті.

1) Алаяқтық жолмен рәсімделген несие жәбірленушінің мойнында қалмауы тиіс. Егер азамат банкке бармаса, шартқа қол қоймаса, электронды келісім бермесе – ол қарыз үшін жауапты болмауы керек. Бұл – заң талабы!

2) Кінәсіздігін дәлелдеу ауыртпалығы жәбірленушіге емес, банкке жүктеледі. Яғни, банк клиенттің жеке өзі келгенін; оның ерікті түрде келісім бергенін; қауіпсіздік рәсімдерінің толық сақталғанын дәлелдеуге міндетті.

3) Банк өз қауіпсіздік жүйесінің әлсіздігі үшін толық жауап беруі тиіс. Егер жүйе алаяққа жол ашса оның салдарын қарапайым азамат емес, банк көтеруі қажет. Бұл талаптарға Президент қол қойды. Демек, бұл – даулы мәселе емес, мемлекеттік деңгейде бекітілген құқықтық норма.

Алайда шынайы жағдай басқа. Қазақта «Айтылған сөз – атылған оқ» дейді, ал бүгін сол атылған оқтың нысанаға жетпей жатқанын көріп отырмыз. Іс жүзінде не болып жатыр?

Банктер жәбірленушіден қайта-қайта сергелдеңге салып дәлел талап етеді; қарызды тоқтатпай, өсім мен айыппұлды қоса мойнына бірнеше есе артып береді; сотқа жүгінуге мәжбүрлеп, жауапкершілікті азаматтың өзіне ысыра салады; заң талабын орындаудың орнына, процесті созбаланға салады.

Дегенмен, Маңғыстауда алаяқтыққа қарсы әрекет бар: алаяқпен арпалыс – ар ісі. Ел ішінде ар ісі, әділдік үшін күндіз-түні күресіп жүргендерді айту – парыз. Маңғыстау өңірінде алаяқтыққа қарсы күрес сөз жүзінде емес, іс жүзінде де жүріп жатыр. Мәселен, Маңғыстау облысы Полиция департаментінің бастығы, генерал-майор Сағындық Аяғановтың тікелей бақылауымен алаяқтық қылмыстарға қарсы нақты шаралар қолға алынған. Бүгінгі таңда алаяқтық пен жауапсыздықтың түбіне жетем деп Түпқараған ауданының полиция бөлімінің бастығы Бекмурзин Әлібек Абжетұлы да тынымсыз еңбек етіп жүр.

Алаяқтықпен арпалыс жүйкені жейтін, сабырды сарқитын, адамдықты сынға салатын ауыр жол. Сол жолда есеп үшін емес, атак үшін емес, ақиқат үшін еңбек еткен жандар бар. Осындай күрделі істі айлар бойы табандылықпен, заң шеңберінен шықпай, жәбірленушінің үмітін өшірмей алып жүрген тергеуші аға лейтенант Самешов Жасұлан Рашидұлының еңбегін де жоққа шығармауымыз керек.

Қазақта «Еңбегі жанғанның – елге пайдасы тиер» дейді. Бұл бір адамның алғысы емес. Бұл – әділдікке зәру жұрттың ризашылығы. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын...» деген осы. Алаяқтық – ұлттық қасірет болса, онымен күрес – ар ісі. Ал сол ар істің ауыр жүгін үнеіз көтеріп жүрген азаматтар барда, әділеттің шамы толық сөнбейді.

Рүстем БИМАҒАНБЕТОВ

МІНБЕР

ШЕКАРА БЕЛДЕУІНІҢ ШЕГІН БЕЛГІЛЕУГЕ ШЕТІН ҚАРАМАЙЫҚ!

«Алдағы уақытта Сенат депутаттары барлық мүдделі тараппен бірлесіп, Президентіміздің бастамаларын іске асыруды заңнамалық тұрғыда уақытылы әрі сапалы қамтамасыз ету бағытындағы жұмысын жалғастыра береді». Бұл жөнінде Парламент Сенатының жалпы отырысында палата төрағасы Мәулен Өшімбаев мәлімдеді. Дәстүрлі жиында сенаторлар Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы бөгілеп берген басымдықтарды іске асыру барысын тақылап, күн тәртібіне шығарылған халықаралық келісімдерді ратификациялаған болатын.

Жиын тізгінін ұстаған Мәулен Өшімбаев отырыстың басында Мемлекет басшысының Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда берген тапсырмаларына арнайы тоқталды. Палата төрағасының айтуынша, Мемлекет басшысы бұл алқалы жиында Әділетті Қазақстанның жаңа конституциялық моделін айқындап берді. Ендігі міндет – елдің болашағына ықпал ететін реформаларды сапалы іске асыру және заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету барлық мүдделі тараптың жүйелі әрі сындарлы өзара іс-қимылын, соның ішінде тиісті заңдарды уақытылы қабылдау.

Палата отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы адамдарды реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады. Талқылау кезінде сөз алған депутаттар келісімді іске асыру, Қазақстанның ұлттық мүдделері мен халықаралық ынтымақтастық қағидаттарына сай келетін тұрақты, қауіпсіз және сындарлы көші-қон жүйесін қалыптастыруға ықпал ететінін айтты. Мәулен Өшімбаевтың айтуынша, қаралған келісім екі ел арасындағы заңсыз көші-қонға қарсы шаралар қабылдау мақсатымен әзірленген. Осы құжат арқылы реадмиссияның құқықтық негіздері мен шарттары айқындалып отыр. Келісімді ратификациялау тараптардың құзыретті органдарының көші-қон саласындағы



ынтымақтастығын арттыруды көздейді.

Сонымен қатар сенаторлар «ҚР Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды да қарады. Құжат азаматтарға ынтымақты зейнетақы тағайындау бөлігіндегі қатынастарды реттейді және әскери қызмет, жоғары және орта арнаулы білім беру ұйымдарында оқу кезеңдеріндегі еңбек өтілін өзара есепке алуды қарастырады. Сондай-ақ заң нормаларына сәйкес зейнетақылардың жинақталған бөлігін Қазақстаннан экспорттау жөніндегі Қазақстан мен Моңғолия арасындағы ынтымақтастықтың жаңа түрі назарға алынды.

Отырыс барысында дәстүрге сай сенаторлар депутаттық сауал жолдап, елдегі өзекті мәселелерге құзырлы орын басшыларының назарын аудартты. Осы орайда сенатор Амангелді Нұғмановтың мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету сапасы жайлы айтқаны елң еткізді. Ол сауалында

Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан және Түрікменстанмен мемлекеттік шекараның жекелеген учаскелерінде шекара белдеуінің енін 1000 метрге дейін ұлғайту қажеттігін қозғайды. Сенатордың айтуынша, мемлекеттік шекараның жекелеген учаскелерінде шекара белдеуі енінің жеткіліксіздігі қосымша қауіп тудырып отыр. Мәселен, Жамбыл және Түркістан облыстарындағы Қырғыз Республикасымен және Өзбекстан Республикасымен арадағы шекарада белдеудің ені кей жерлерде 30 метрден аспайды. Бұл құқық бұзушыларға оны санаулы минуттарда басып өтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұндай аумақтар тауарлар мен ауыл шаруашылығы жануарларының контрабандасы үшін пайдаланылады. Осыған байланысты сенатор Үкімет деңгейінде мемлекеттік шекараның жекелеген учаскелерінде шекара белдеуінің енін ұлғайту мәселесін қарастыруды, жер заңнамасына енгізілуі мүмкін өзгерістерге кешенді құқықтық және әлеуметтік-экономикалық

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА – 30 ЖЫЛ



Мария ШАРИПОВА,
Ақтөбе облыстық сотының судьясы, ҚР Судьялар одағының Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы:

«СУДЬЯЛАР ОДАҒЫ – СОТ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫСЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Республика судьяларының тірегі, қорғаны екенін іс жүзінде дәлелдеген одақтың негізгі қызметі судьялар мен сот қызметкерлерінің қоғамдық өмірге белсенді қатысуын ұйымдастыру, судьялардың тәуелсіздігі мен мәртебесін нығайту, соттардың материалдық-техникалық базасын жақсартуға бағытталған. Сонымен қатар сот саласындағы сыбайлас жемқорлыққа тегеурінді тосқауыл қойып, Судья әдеби кодексіндегі ережелерді сақтауға пәрмен беру, соттардың имиджін арттыру, әлеуметтік мәселелерді шешуге жәрдемдесу де одақтың басты басымдықтарының бірі.

Осы қызметтерді сапалы жүзеге асыру үшін одақ тарапынан қолға алынатын іс-шаралардың да ауқымы кең. Мәселен, сот жүйесін жетілдіру бойынша судьялар қауымдастығының күш-жігерін біріктіру; соттағы маңызды мәселелерді шешу үшін ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, судьялардың тәжірибе алмасуына, біліктілігін арттыруына жағдай жасау да одақтың негізгі міндеті. Осындай маңызды жиындар мен басқосуларда соттың тәуелсіздігін нығайту, судьялардың әлеуметтік

Сот жұмысын жандандырып, жаңа реформаларды лайықты іске асыруда нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу де өзекті. Әрі алғаш рет тағайындалған судьяларды оқыту үшін одақ тарапынан тәлімгерлік мектепті ұйымдастыру да жақсы жолға қойылған. Соттар қызметіне және құқық қолдану практикасына қатысты мәселелерді жұртшылықпен талқылау, басқа елдердің судьялар қоғамдастықтарымен және халықаралық ұйымдармен халықаралық байланыстарды нығайту бойынша одақ тарапынан жасалып жатқан жұмыстардың да көпшілік көңілінен шығып жүргенін айта кеткен жөн.

қорғалуын қамтамасыз ету, судьялардың өзін-өзі басқаруын жетілдіру жөнінде ұсыныстар талқыға салынып, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерде судьялар қауымдастығының мүдделерін білдіруге ерекше ден қойылған. Сот жұмысын жандандырып, жаңа реформаларды лайықты іске асыруда нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу де өзекті. Әрі алғаш рет тағайындалған судьяларды оқыту үшін одақ тарапынан тәлімгерлік мектепті ұйымдастыру да жақсы жолға қойылған. Соттар қызметіне және құқық қолдану практикасына қатысты мәселелерді жұртшылықпен талқылау, басқа елдердің судьялар қоғамдастықта-

рымен және халықаралық ұйымдармен халықаралық байланыстарды нығайту бойынша одақ тарапынан жасалып жатқан жұмыстардың да көпшілік көңілінен шығып жүргенін айта кеткен жөн.

– Судьялар одағының Ақтөбе облысындағы филиалында қандай іс-шаралар қолға алынып, қандай мәселелер шешімін тауып жатыр?

– Біздің филиал да сот корпусының ішінде өзара ықпалдастықты күшейтіп, кәсіби қауымдастықтың бірлігін арттыруға бағытталған мәдени-спорттық шараларды тұрақты түрде ұйымдастырып отырады. Мысалы, былтыр Халықаралық әйелдер мерекесімен ардагер судьяларды құттықтап, сый-сияпаттар мен гүл шоқтары табыс етілді. Жастардың жүрек-жарды тілегі мен ыстық ілтипатына бөленген ардагерлер алғысын айтып, ризашылығын білдірді.

Сондай-ақ филиал Ақтөбе облыстық сотымен бірлесе отырып «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамына» арналған мерекелік шара ұйымдастырды. Шара барысында облыстық соттың аумағында киіз үйлер тігіліп, ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтайтын қойы-

Айдар Смағұлов, сондай-ақ, өңірдің мемлекеттік және құқық қорғау органдарының бірінші басшылары қатысты. Тыңғылықты, сапалы ұйымдастырылған бұл шарада үздік атанған бес соттың үздіктері кейіннен республикалық сайыста бағын сынады. Шымкент қаласында өткен республикалық спартакиадада Ақтөбе қаласы №2 сотының судьясы Б. Нұрниязов тоғызқұмалақтан 1 орынды иеленсе, Ақтөбе облыстық сотының судьясы Л. Бисенова стол теннисінен «үздік техника» номинациясы бойынша марапатталғанын мақтанышпен айтқанымыз абзал.

– Одақтың өңірдегі филиалы ардагер судьяларға қаншалықты көңіл бөледі?

– Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол. Біздің филиал да ардагер судьяларға үнемі көңіл бөліп келеді. Мәселен отандық соттың дамуына шексіз үлес қосқан Иран Әміровтің еңбегі мен есімін ел есінде қалдыру мақсатында әкімдікке ұсыныс жасалды. Иран Әмірұлының аты Ақтөбе өңіріне ғана емес, жалпы жұртшылыққа жақсы таныс. Ардагер судья өз еңбек жолында Ақтөбе қалалық сотының судьясы, Алға аудандық сотының төрағасы, Ақтөбе қалалық сотының төрағасы, Ақтөбе облыстық сотының

төрағасы қызметін абыроймен атқарған. Сонымен бірге, Парламент Сенатының депутаты болып, қазақстандық заңнаманың дайындалуына, елдік мәселелерді шешуге атсалысқан. Өмірі өнеге болған әріптестерімізді ұмытпауға, жақсы істерін үлгі етуге тиіспіз. Осы мақсатта Ақтөбе қаласынан Иран Әміровтің атына көше беріліп, ол көпшіліктің қатысуымен салтанатты түрде ашылды. Мұндай игілікті іс Шалқар аудандық сотында жалғасын тапты. Мұндағы сот залына 1937 жылы Шалқар халық сотын басқарған Қонар Дәулетұлының есімі берілді. Бұл да ардагерлерге құрметтің бір көрінісі.

Жыл сайын карттар күніне орай ардагер судьяларды ардақтап, соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің мүшелерін құттықтау жақсы дәстүрге айналған. Сонымен қатар, ардагер судьяларды мерейлі мерекелерімен құттықтау да тұрақты түрде жалғасып келеді. Соның ішінде, 2025 жылғы 1 желтоқсанда сот жүйесінің ардагері Кеңес Райханұлының 90 жас мерейтойы кең көлемде, салтанатты түрде атап өтілді. Осының бәрі филиалдың ардагер судьялардың еңбегін ұмытпайтынын, пікір-ұсыныстарын назарда ұстайтынын көрсетеді. Мұндай ілкімді істер алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

– Судьялар одағы қайырымдылық істерден де шет қалған емес. Балаларға, мұқтаж жандарға қамқорлық жасауда үнемі үлгі болып жүресіздер.

– Дұрыс айтасыз, Қазақстан Республикасы Судьялар одағынан бастап, облыстардағы филиалдардың барлығы қайырымдылық шаралардың басы-қасында жүреді. Біздің филиал мүшелері де жыл сайын «Аяла» арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қорғау орталығына барып, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жеткіншектерді балалар күнімен құттықтап, түрлі сыйлықтар табыстауды жалғастырып келеді. Балалар үйімен тұрақты байланыс орнатып, қажетті заттарын алуға көмектесу – біздің жылдағы жұмысымыз. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жандарға, қарт адамдарға да мүмкіндігінше көмектесуден аянып қалмаймыз.

– Судьялар одағының бастамасымен өтетін съездердің де сот саласына әкелген жаңашылдығы аз емес. Тоғызыншы съезде берілген тапсырмалардың орындалу жайы қалай?

– Осы отыз жылдың ішінде судьялардың тоғыз съезі өткен екен. Одақ мұрындық болған осы жиындардың қай-қайсысының болсын көтерген мәселесі, жүктеген мақсат-міндеттері ерекше маңызға ие. Сот саласын жандандыру мақсатында қолға алынған бастамалардың орындалмай, орта жолда қалған кезі жоқ. Себебі, съезд мінберінде тек соттағы ертенге қалдырмай шұғыл шешуді қажет ететін – судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайтуға ықпал ететін өте маңызды, орнықты, батыл ұсыныстар ғана айтылады. Басқосуға Мемлекет басшысының арнайы қатысып, бағыт-бағдар беруі – сот қауымдастығы үшін үлкен абырой. Ел Президентінің сот жұмысына байланысты берген бағасы, айтқан ескертпесі, жүктеген тапсырмасы съездің мазмұнын байытып қоймай, саланың ілгерілеуіне де айтарлықтай септігін тигізуде.

Ілгері қадамдарға съезде берілген тапсырмалардың ықпалы зор. Қазақстан Республикасы судьяларының IX съезрінде жаңа Судьялық әдеп кодексі бекітілді. Мемлекет басшысы белгілеген құқықтың үстемдігін қамтамасыз етуге, судьялардың тәуелсіздігін күшейтуге, олардың қабылданған шешімдерге жауапкершілігін, сондай-ақ бизнес пен халық тарапынан соттарға деген сенімді нығайтуға бағытталған басым міндеттер айқындалды. Шығарылған сот шешімдерінің әділдігін және жазаның бұлтартпастығын, сыбайлас жемқорлықты және судьялық әдеп нормаларын бұзушылықтарды, сондай-ақ БАҚ өкілдерінің ашық сот процестеріне қатысудан уәждемеленген бас тартуын болғызбауға қатысты тиісті шаралар қабылдау тапсырылды. Бүгінде соттар осы бағытта жұмыстар жүргізіп жатыр.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

СОТ ЦИФРЛЫҚ ЖАҢҒЫРТУЛАРДАН СЫРТ ҚАЛМАЙДЫ

Цифрлық трансформация әлемді өзгертіп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялауының мені осында. Бұл талаптың елдің болашағы үшін ерекше маңызды екенін пайымдаған Президент биылғы жылғы жолдауында да жасанды интеллект дәуіріндегі өзекті мәселелерге және оларды цифрлық жаңғырту арқылы шешуге баса назар аударғаны мәлім.

Жасанды интеллект қазір әр мемлекеттің өмір салтына жаңалық әкелді. Әлемнің бір бөлшегі болғандықтан, әрі озық елдер сапына қосылуды басты жоспары етіп белгілеген Қазақстан үшін цифрлық жаңғыртулардан сырт қалуға болмайды. Бұл – әлемік даму үдерісінен кешігу, артта қалу деген сөз. Ал қатардан қалмау үшін мемлекеттегі әрбір сала сандық технологияның жаңа жетістіктерін батыл енгізіп, жасанды интеллект дәуірінің талаптарына сай болғаны дұрыс.

Отандық сот та замана көшінен қалмауы керек. Жалпы көзіқарақты тұрғындар сот саласында жаңа технология жетістіктерінің бұған дейін де қолданылып, тамаша нәтижелердің қалыптасқанын жақсы білсе керек. «Төрелік» бірыңғай жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі секілді айтулы жобалар – осы ілкімді істердің бастауында тұр. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі соттардың бәрі толықтай дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен жабдықталған. Бұл бірнеше мәселені бір мезетте реттеуге мүмкіндік беріп

келеді. Біріншіден, еліміздің барлық сотындағы істер дыбыс-бейне-таспаған жазылып, Жоғарғы Соттың Ахуалдық орталығында сақталады. Яғни, процестердің бәрі жазылатындықтан, сот отырыстарын өткізудің ортақ тәртібі бұзылмайды, судьялардың ғана емес, тараптардың да жауаптылығы артады. Екіншіден, сот отырысының таспалары бір орталықта жинақталатындықтан, судьялар жұмысы мен істердің мазмұнына, сапасына, кем-кетігіне мониторинг жүргізіп, соған сәйкес жұмысты жетілдіруге, кемшілікті түзеуге жол ашық. Үшіншіден, сот залдарындағы сандық технология қауіпсіздікті сақтауға ықпал етеді. Жаңа технологияның сот отырыстарына қолданылуы істерді қашықтан қарауға, куәгерлерден онлайн жауап алуға көмектесті.

Ал «Сот кабинеті» сервисі тек сот емес, жалпы мемлекеттік қызметтің жұмысына үлкен серпіліс жасаған бірегей жоба. Осы сервисің арқасында мемлекеттік қызметтегі қағазбастылықты азайтуға мүмкін-

дік туды. Сот кабинеті сервисі азаматтарға үйде, кеңседе отырып-ақ талап-арыздарын сотқа жолдауға, құжаттар мен сұраныстарды жіберуге, істің қозғалысын бақылауға көмектесіп келеді. Осындай ілкімді істер биылғы Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында жалғаса берері анық. Ендігі жерде Ахуалдық орталыққа жинақталған қорытынды шешімдерді құрылымдалған, машинамен оқылатын форматқа айналдыру бойынша мақсатты жұмыстар қолға алынуда. Республикадағы барлық сот істерінің санаттарын модульдеу арқылы судьялар үшін «цифрлық көмекшілерді» енгізу – өте қажет, керек іс. Себебі сот істерін жинақтау арқылы судьялардың өзі қарап отырған істер бойынша республика соттарындағы ортақ тәжірибемен танысуына, біліктілігін көтеруіне, қателіктердің алдын алуға болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай елімізде «Цифрлық сот аналитикасы» жүйесі 2023 жылдың желтоқсанында іске қосылды. Ол



Аида АЛТИНБАЕВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Сот әкімшісі басшысының міндетін атқарушы

сот шешімдерінің мәтіндерінен кілт сөздерді бірден табады. Сондай-ақ, сот шешімдерінің мәнін түсінуге, оларды салыстыруға, ауытқуларды анықтауға және азаматтық істің нәтижесін болжауға үйретеді. Бұл сот тәжірибесіндегі бірізділікті қамтамасыз етеді.

Роботтандырылған автоматтандыру технологиясын енгізу судьялардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді. Ал цифрлық трансформация жетістіктерін енгізу арқылы соттың жаңа заман талаптарына сай мемлекет құруға үлес қосары анық.

ПӘРМЕН

МОРАЛЬДЫҚ ЗАЛАЛДЫҢ МӨЛШЕРІ – 3 МЛН ТЕҢГЕ

Ақмола облысының тұрғыны А. сотқа талап-арыз беріп, ЖШС-ден жалақы сомасын және моральдық зиянды өндіруді сұраған еді.

Сот барысында слесарь-жөндеуші А.-ның өндірістік жарақат алғаны белгілі болды. Оған бас және мойын тұсындағы сүйек сынуы диагнозы қойылып, үшінші топтағы мүгедектік берілген. Жазатайым оқиға туралы актіде жұмыс берушінің 100 пайыз кінәлі екені дәйектелген.

Бірінші сатыдағы сот жәбірленуші жұмысшының пайдасына ЖШС-дан моральдық зиян үшін 3 млн теңге өтемақы өндірді. Ал жалақы сомасын өндіруден бас тартылды, себебі аннуитеттік сақтандыру шартына сәйкес А.-ға 1 млн теңге төленген.

Сонымен қатар, сот еңбек заңнамасының ЖШС тарапынан бұзылғаны туралы мәліметтерді назарға алу және тиісті шаралар қабылдау үшін Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті департаментінің атына жекеше ұйғарым шығарды.

Ақмола облыстық соты алқасының қаулысымен бірінші сатыдағы соттың актілері өзгеріссіз қалдырылып, шешім заңды күшіне енді.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

– Улихан Ақымбекұлы, сіздің кәсіби еңбек жолыңыз қалай басталды?

– Мен 1996 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің табалдырығын аттап, 2000 жылы «Құқықтану» мамандығын үздік дипломмен тәмамдадым. Сол жылы-ақ осы оқу орнының заң факультетінің магистратурасына қабылданып, 2002 жылы «Мемлекеттік құқық және басқару» мамандығы бойынша магистр дәрежесін де үздік қорғадым. 2002 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасында ассистенттен бастап, оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметтерін атқарып келемін.

Студенттік кезеңді жеңіл болды деу қиын. Ол жылдары елдегі экономикалық жағдай тұрақсыз, шәкіртақы мардымсыз еді. Алайда ең үлкен қиындық – қазақ бөлімінде оқысақ та, негізгі оқу әдебиеттерінің басым бөлігі орыс тілінде болатын. Соған қарамастан, біз мойымадық. Бір-бірімізге демеу болып, түсінбеген тақырыптарды бірге талқыладық, өзара ғылыми үйірмелер мен пікірталас клубтарын құрдық.

Біздің ең үлкен бақытымыз – Қазақстандағы құқық ғылымының іргетасын қалаған көрнекті тұлғалардан тікелей дәріс алу мүмкіндігіне ие болғанымыз. Атап айтқанда, академиктер Сартаев, Сапарғалиев, Баймаханов, Зиманов сынды заң ғылымының алыптары бізге сабақ берді. Сол ұлы ұстаздардың ғылыми мектебі мен үшін кәсіби ғана емес, өмірлік бағдарыма айналды.

– Студент кезіңізде оқулықтардың басым бөлігі орыс тілінде болғанын, белгілі бір қиындықтар кездескенін айтып қалдыңыз. Ал қазіргі студенттер үшін жағдай жеңілдеді деп айта аламыз ба?

– Бүгінгі жағдай біздің студенттік кезеңмен салыстыруға келмейді. Қазір Қазақстанда заңгер мамандарын даярлайтын 50-ден астам жоғары оқу орны бар, соған сәйкес құқықтық білім беру жүйесі де айтарлықтай дамыды.

Бүгінде заң білімін алу үшін қажетті оқу әдебиеттері бірнеше тілде қолжетімді. Егер бұрын негізінен орыс тіліндегі оқулықтарға тәуелді болсақ, қазір қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқулықтар, монографиялар, ғылыми еңбектер мен зерттеу жұмыстары жарық көріп отыр. Сонымен қатар, Scopus базасына кіретін белбелді журналдарда қазақстандық және шетелдік ғалымдардың қылмыстық, еңбек, конституциялық, әкімшілік құқық және басқа да салалар бойынша ғылыми зерттеулері тұрақты жариялануда. Бұл отандық құқық ғылымының деңгейі өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де электронды кітапхана жүйесі де жақсы дамыған. Студенттер кез келген жерден онлайн форматта қажетті әдебиетті еркін пайдалана алады. Негізгі оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен қосымша дереккөздер жеткілікті.

Біздің басты мақсатымыз – студенттерге оқу процесінде барлық қажетті жағдайды жасау. Ал ең маңызды фактор – студенттің өз ынтасы, ізденісі мен еңбекқорлығы. Мүмкіндік бар жерде нәтиже де болады.

– Сіздерде білім беру бағыттары қандай? Заң факультетінде қандай бағдарламалар бойынша маман даярланады?

– Қазіргі білім беру бағдарламалары мемлекеттік стандартқа сәйкес бірнеше ірі бағытқа бөлінеді. Негізгі бағыттар – «Құқық» және «Құқық қорғау қызметі». Сонымен қатар ұлттық қауіпсіздік саласына қатысты арнайы білім беру бағдарламалары да бар.

Бакалавриат деңгейінде алты негізгі білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады. Олар: құқықтану, кеден ісі, қаржы құқығы, корпоративтік құқық және мемлекеттік қызмет. Магистратура деңгейінде 12 білім беру бағдарламасы бар, ал докторантурада 1 білім беру бағдарламасы іске асырылады.

Біздің басты ұстанымымыз – студентке таңдау мүмкіндігін беру. Яғни, студент оқуға түскен сәттен бастап заң саласының қай бағытына бет бұратынын ойланып, саналы түрде шешім



Уалихан АХАТОВ,

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Заң факультетінің деканы:

«ҰЛЫ ҰСТАЗДАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ – ӨМІРЛІК БАҒДАРЫМ»

...Қазіргі еңбек нарығында заңгерге қойылатын талаптар айтарлықтай күшейді. Ең алдымен, мықты теориялық база қажет. Заң нормаларын үстірт білуге жеткіліксіз, олардың мәнін, қолданылу тетіктерін және өзара байланысын терең түсіну маңызды.

Сонымен қатар аналитикалық ойлау қабілеті жоғары болуы тиіс. Заңгер нақты жағдайды жан-жақты талдап, бірнеше ықтимал шешім нұсқасын көре білуі қажет. Сыни ойлау, дәлелдерді сауатты құрастыру және өз құқықтық ұстанымын негіздей алу – бәсекеге қабілетті маманның негізгі белгілері.

көкжиегін кеңейтеді. Олар шетелдік профессорлардың дәрістерін тыңдап, өзге елдердің құқықтық жүйелерімен танысады, тілдік дағдыларын дамытады. Сонымен қатар халықаралық ортада білім алған студенттің кәсіби сенімі артып, ой-өрісі кеңейеді. Мұның барлығы бәсекеге қабілетті, заманауи заңгерді қалыптастырудағы маңызды тетік болып табылады.

– Академиялық ұтқырлық бағдарламасына тек студенттер ғана қатыса ма, әлде оқытушылар құрамына да мүмкіндік қарастырылған ба?

– Әрине, бұл мүмкіндік тек студенттерге ғана арналған емес. Біздің оқытушылар да шетелдік жетекші университеттерде білімін жетілдіріп, тәжірибе алмасып келеді. Қазіргі таңда Заң факультетінде шамамен 27 оқытушы «500 ғалым» мемлекеттік бағдарламасы аясында шетелдік тағылымдамадан өтті немесе өтіп жатыр. Бұл бағдарлама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып, жоғары білім саласындағы кадрлық әлеуетті күшейтуге бағытталған.

Бағдарлама шеңберінде оқытушылар әлемнің жетекші университеттерінде 6 айдан 2 жылға дейін тағылымдамадан өтіп, заманауи оқыту әдістемелерімен, жаңа зерттеу тәсілдерімен және білім беру технологияларымен танысады. Жиналған тәжірибе кейін оқу үдерісіне тікелей енгізіледі.

Өз басым да осы бағдарламаның қатысушысымын. 2023–2024 жылдары АҚШ-тың астанасы Вашингтон қаласындағы George Washington University базасында бір жылдық ғылыми тағылымдамадан өттім. Сол кезеңде конституциялық және әкімшілік құқық саласындағы заманауи зерттеулермен

танысып, халықаралық әріптестермен бірлескен ғылыми жұмыстар жүргіздік.

Мұндай тәжірибе оқытушының кәсіби деңгейін арттырып қана қоймай, студенттерге берілетін білім сапасына да тікелей әсер етеді. Яғни, халықаралық тәжірибе факультеттің жалпы дамуына ықпал ететін маңызды фактор.

– Қазіргі заңгерлер нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін қандай дағдылар маңызды?

– Қазіргі еңбек нарығында заңгерге қойылатын талаптар айтарлықтай күшейді. Ең алдымен, мықты теориялық база қажет. Заң нормаларын үстірт білуге жеткіліксіз, олардың мәнін, қолданылу тетіктерін және өзара байланысын терең түсіну маңызды.

Сонымен қатар аналитикалық ойлау қабілеті жоғары болуы тиіс. Заңгер нақты жағдайды жан-жақты талдап, бірнеше ықтимал шешім нұсқасын көре білуі қажет. Сыни ойлау, дәлелдерді сауатты құрастыру және өз құқықтық ұстанымын негіздей алу – бәсекеге қабілетті маманның негізгі белгілері.

Қазіргі кезең – цифрландыру дәуірі. Осыған байланысты заңгердің цифрлық сауаттылығы ерекше маңызға ие. Электронды дерекқорлармен жұмыс істеу, онлайн платформаларды пайдалану және құқықтық ақпаратты жедел таба білу күнделікті қажетті дағдыларға айналды.

Тілдік құзыреттілік те маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік тілді еркін меңгерумен қатар, орыс және ағылшын тіл-

– Жасанды интеллект – бүгінгі күннің ең өзекті тақырыптарының бірі. Осы бағытта Заң факультетінде ірі ғылыми жоба жүзеге асырылып жатыр. Жобаның негізгі мақсаты – заң шығару процесінде жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы құқықтық үдерістерді оңтайландыру. Бұл ғылыми жобаның жетекшісі өзіміз. Қазіргі таңда жобаға 35-ке жуық маман тартылған.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект факультеті жұмыс істейді. Аталған факультет пен заң факультетінің оқытушылары бірлесіп, пәнаралық негізде зерттеу жүргізіп келеді. Өртүрлі сала мамандарының қатысуы жобаның сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Біз бұл бағытта екінші жыл қатарынан жүйелі түрде жұмыс істеп жатырмыз. Биыл осы ғылыми жобаның негізінде жасанды интеллектке сүйенген ауқымды бағдарламаны іске қосу жоспарланып отыр. Бұл бастама отандық құқық ғылымының дамуына және заң шығару сапасын арттыруға өз үлесін қосады.

– Жасанды интеллектті оқу процесінде студенттер қалай қолдана алады?

– Жасанды интеллект студент үшін, ең алдымен, көмекші құрал ретінде қарастырылады. Ол ақпарат іздеу, тақырыпты түсіну, материалды жүйелеу сияқты үдерістерде пайдаланылуы мүмкін. Алайда тапсырмаларды, курстық жұмыстарды, дипломдық немесе ғылыми еңбектерді жасанды интеллект арқылы орындатуға жол берілмейді. Бұл – академиялық этикаға қайшы.

Біз үшін басты қағида – студенттің білімді өз бетінше меңгеруі және жеке ойлау қабілетінің қалыптасуы. Осы талапқа сәйкес факультетте барлық жазбаша жұмыстар міндетті түрде антиплагиат жүйесі арқылы тексеріледі. Сонымен қатар оқытушылар жұмыстың мазмұнына, логикалық құрылымына және стильдік ерекшеліктеріне де мән береді.

Яғни, жасанды интеллект ойды алмастыратын емес, керісінше, ойды дамытуға көмектесетін құрал болуы тиіс. Бұл ұстаным факультет үшін негізгі бағыт болып қала береді.

Қазіргі уақытта бұл бағыттағы зерттеулер жүйелі сипат алып отыр. Соның нәтижесінде биыл жасанды интеллект технологияларына негізделген ауқымды бағдарламаны іске қосу көзделуде. Бұл бастама ұлттық құқық ғылымының дамуына және заң шығару үдерісінің сапасын арттыруға өз әсерін тигізеді.

– Жеке тәжірибеңізге сүйене отырып, студенттерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Менің ойымша, студенттерге берілетін ең басты кеңес – теориямен шектеліп қалмай, оны міндетті түрде тәжірибемен ұштастыру. Заң – қағаз жүзіндегі ереже ғана емес, оны нақты өмірде дұрыс қолдана білу маңызды. Сондықтан кез келген мүмкіндікті пайдаланып, практикалық істерге қатысу, сот отырыстарын көру, адвокаттармен және заңгерлермен байланыс орнату қажет.

Сонымен қатар коммуникациялық және жазбаша дағдыларды дамыту аса маңызды. Өз ойын нақты, логикалық және сенімді жеткізе білу студентті өзгелерден ерекшелендіреді. Құжаттар дайындау, келіссөз жүргізу, презентация жасау – мұның барлығы кәсіби өмірге дайындықтың бір бөлігі.

Технологияларды меңгеруге де көңіл бөлу керек. Құқықтық дерекқорлармен жұмыс істеу, LegalTech құралдарын қолдану – қазіргі заманғы заңгер үшін қалыпты талапқа айналды. Бұған қоса, сыни ойлау мен стратегиялық көзқарас ерекше мәнге ие. Ақпаратты жүйе қабылдап қана қоймай, оны талдап, негізделген шешім қабылдай білу қажет.

Ең бастысы – ұзақ мерзімді мақсатты айқындап, өзіне деген сенімді сақтай білу. Алғашқы кезеңде тәжірибе аз болып, қателіктер кетуі мүмкін, бірақ әрбір қателік – кәсіби дамуға мүмкіндік. Үнемі әрекет етіп, өз-өзінді жетілдіріп отыру – табыстың негізгі кепілі.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ЖАСЫЛ ЕЛ

АСТАНА МАҢЫНДА 5 ЭКОПАРК ҚҰРЫЛАДЫ

Астананың 2035 жылға дейінгі Бас жоспары бойынша қала аумағының жартысынан астамы қоғалдандырылмақ. Бұл елорданың 79,7 мың гектар болатын жалпы аумағының 42 мың гектарын құрайды.

Мемлекет басшысы 24 желтоқсандағы Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте мегаполистердің және облыс орталықтарының

қала маңындағы аймақтарында эко-парктер құру туралы тапсырма берген болатын. Экология және табиғи ресурстар министрлігі осыған орай эко-

логиялық парктер құрудың, дамытудың және пайдаланудың ұсынылатын стандарттарын жұмыста қолдану үшін облыстардың, республикалық маңы-



зы бар қалалардың әкімдіктеріне жолдады.

Қазіргі уақытта Астана ма-

ңында эко-парктер құру үшін 5

жер учаскесі ұсынылып отыр. Олар: Үркер кентінен айналма

жол бойындағы Қарқаралы тас қолына дейінгі веложол, 200 га (қала шегі); Қызылсуат ауылы ауданында – 124 га (радиусы 10 км дейін); Сарыоба көлі ауданында – 259 га (30 км дейінгі радиуста); Астана – Қорғалжын автомобиль жолының бойында – 303 га (20 км дейінгі радиуста); Астана – Қорғалжын автомобиль жолының бойында – 197 га (30 км дейінгі радиуста).

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ

ТАНЫМ

«АДАМНЫҢ БӘРІ – ӨЗ ХАЛҚЫҢ»

«Көкбай молда тілге шешен, өлеңге ақын, жүрегіне көлген сөзді айтып салуға батырлығы бар кісі еді. Жаңа заманға әуестігінен «Қазақ тілінің» тілшілігіне жазылғаны да бар еді. Ескі сөзді де көп білетін адам еді».

Бұл – «Қазақ тілі» газетінің 1925 жылдың 20 қазанындағы санында басқарманың атынан қазаққа Көкбай молданың қазасына орай жазылған көңіл айту некрологындағы сөздер.

Газет басқармасының некрологта атап өтілген жалпы адам баласының бойындағы зиянға да, пайдаға да есігі ашық байлауы жоқ тәуекелшілдіктің толық ғылымға жараспайтын іс-әрекет екендігі ақиқат.

Көкбай молданың некрологының авторы толық ғылымға апарар тура жолды «ескі сөздер» деп атапты. Осынау «ескі сөз» атты терминді заңдар жосыны, кодексі, топтамасы мағынасында Абайдың да өз шығармасында қолданғаны бұл құқықтық ұғымның ежелгі теориялық, тәжірибелік тарихы бар екенін әйгілейді.

Біздің бұл тұжырымымызды Шыңғыс пен Шоқан Уәлихановтардың жазып алған «Едіге» жырындағы «Төбеге шыққан төртеуге, төре берер күн туғай ма? Арқада тұрған алтауға, аға болар күн туғай ма?» жолдары бекітеді.

Біз бұл жерде «Едіге» жырының заманына, ортасына, кейіпкерлерінің тұлғалық тарихына тоқталып жатпаймыз. Біздің көңілді жаңағы жыр мәтінінен келтірілген үзіндінің іргелі құқықтық мәні – татымды, толық билік шығарар әділет қағидасы қызықтырады.

Бұл заты жоғары ғарыштан, мінсіз нұрдан жаралған, бұзылмайтын шын қағидаға ұқсамақтан туған, көрікті құқықтық норма: «Шынның шыңы – ғәділетті билік».

Барша әділетсіздіктің себебі мемлекеттегі бар бақ-дәулетті бауырына басып қалу мақсатында билікті иемденіп кету ниетінде тұр. Абайдың «Көкбайындағы» Сорлы Көкбай да «Едіге» жырындағы жыраудай әділетсіздіктің, толық биліктің жоғалуынан жылайды.

«Едіге» жырындағы төрт ауыз сөз мемлекеттегі билік халыққа тиесілі және оны жүзеге асыруға әркімнің нақысы бар болғандықтан билікті иемденіп кетушілік әділетсіздік деп сөйлеуде. Жыр жолдарындағы «төртеу» мен «алтау» терминдері көне заң тілінде халық және адам деген ұғымды береді. Латын тіліндегі «республика» сөзінің алғы түбірі «tes» әркім деген мағынада түсініледі.

Халық пен адам біртұтас. Ол туралы Шәкәрім қажының қысқа да, нұсқа әділет нормасы бар «Адамның бәрі – өз халқын». Шәкәрім тұжырымы ҚР Конституциясындағы «мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» атты нормамен үйлесім табуда.

«Едіге» жырындағы «Арқада тұрған алтауға, аға болар күн туғай ма?» жолы әркімнің мемлекеттегі ең жоғары лауазымға сайлануға құқығын атап отыр. Ал, жырдың «Төбеге шыққан төртеуге, төре берер күн туғай ма?» жолы заң және сот алдында жұрттың бәрі тең деген норманың іске аспай жатқанын меңзейді.

Төбеге шығу – шынның шыңы сотқа жүгіну. Төбе – ерте, ерте, ертеде ел-жұрттың сот ісін атқаратын орны, жарғы жартасы, төбе басы.

Төбе басы – жан-жақтан, кез келген нүктеден көруге және де ол орыннан әлемнің төрт құбыласын көруге болатын биіктіктің, тау, төбенің ең жоғарғы нүктесі, ұшар басы. Римдегі жеті төбенің бірі Капитолий төбесінің ең биік ұшар басы – Capitolium, түбірі «Сар» бас деген мағынада.

Төбенің ұшар басына шығып халық кеңесі мақұлдаған шешімді, үкімді жариялайтын сот қызметкерін қазақ «Төбе басы биі» деп атауы 1885 жылғы Қарамола сиезінде жазылған ережеде сақталған. Төбе басы би ұғымының шығу төркінін анықтау ісінде Шоканның «Предания и легенды Большой Орды» жазбасы қол үшін береді.

Шоқан сөзін бұзбас үшін түпнұсқадан берген жөн болар: «Киргизы Большой орды производят себя от древнего монгольского народу уйсунув, родоначальником своим [считают] Майки-бия, современника Чингис-хана. Родоначальником [киргизского] поколения Большой орды уйсунув считают они [еще] какого-то Тобея, жившего еще задолго до [Майки].»

Төбей атауы Үйсін шежіресінде де ғана емес, сонымен қатар Манас эпосында да жүр. Манастың әкесі Жакып өзінің ата-тегін Төбей (to be-bolu, быть) ханнан тарата бастайды. Манастағы «Төбей» болу, жоқтан бар болу, өсіп-өну, жаратылыс.

Үндістанда жаратушының, алғы, негізгі мәннің есімі, тура атауы мүлдем жоқ. Үнділік жұрт жоқтан бар қылатын мәнге «То» немесе «это» деген сілтеме есімдіктермен нұсқайды. (Е.П. Блаватская Разоблаченная Изида. II-том. 352 б.)

Үндістандық дәстүрге ұқсас орыс тіліндегі «закон» терминінің этимологиялық оқылуы да сол іспеттес: «закон, То, что было в начале» Үнді мен орыстан қытай елі де қалыспайды, олардың тілдік қорында «bi» фоноидеограммалық иероглифінің көне мағынасы «Тот», «то» – анау, ана жақ деген мағынада. (Задоенко Т.П., Хуан Шуин. Основы китайсконо языка. 612 б.)



Үнді, орыс, қытайға ортақ «жоқтан бар қылушы» құдіретіне сілтеме жасайтын бірлікке ұқсас Жаңазеланд тіліндегі «to» термині «өмір» және ана құрсағындағы тіршілік иесін білдіреді. (Вильгельм фон Гумбольд. Избранные труды по языкознанию.б. 283, 285)

Аталған сілтеме есімдіктер тобына Абай тіліндегі «толымды толық билік» ұғымының түбірі «to» сөзін жатқызуға болар.

Толық билік ұғымының шығу түп-төркінін анықтау үшін қазақтың «халық», «ұлт» деген мағынада пайдаланып жүрген «Алаш» сөзінің Исландиялық ағайыны «alþing» терминіне жүгінелік.

Альтинг (alþing) 930 жылы ұйымдастырылып 1264 жылға дейін қызмет қылған байырғы азат Исландияның заң шығарушы бүкіл халықтық жиналысы.

Алғашқы альтингте үш жылға сайланған сот кеңесінің төрағасы «Жарғы жартасы» деп аталатын биік жерге шығып жалпы халықтық жиында қабылданған заң нормаларын, сот шешімдерін, үкімдерін жариялап отырған.

Альтингтің жиыны маусым айының 18 мен 24 күні аралығында көк майса кең жайлауда, тау бауырында, табиғат аясында өтіп, екі аптаға созылыпты.

Alþing құрылымның «al» түбірі «толық» деген ұғым берсе, þing – халық жиыны, іс, ашық сот процесі. Alþing – «ар тоярлық татымды, толық билік шығарар адамдардың жиыны» деген анықтама шықпақ.

Абай өлеңіндегі «Сорлы Көкбай» татымды, толық билік шығарар адамды шын жоқтаушы. Сорлы Көкбай татымды, толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісісі бар туып едім далада, өсіп келем түрмеде деп жылайды.

Сорлы Көкбай бұзылмайтын шынды айтар кісі азайды, азая келе мүлдем жоғалды. Шыдатпады заңсыздық деп жылайды, жылайды да жырлайды.

Абайдың Сорлы Көкбайы біреуі малды ұрлайтын, біреу басты қорлайтын азған қу заманда туған шығарма. Қазақ даласына қу заманның келуі татымды толық билік шығарар еркін, әділет институттарын қудалаудан басталған.

Жаппай саяси қуғын-сүргіннің дүниге келуінің басында «анау да менікі, мынау да менікі» деп әдеттенген империяның залым пиғылдағы заң актілері тұрғанын Шоқан әйгілі «Сот реформасы» жазбасында таза талдап берген.

Шоқан 1822 жылғы Сперанский дайындаған жарлық қазақ мінезіне, құқығына жат жұрттық әкімшілік құрылымын енгізу татымды, толық билік шығарар қазақтың билер сотының таза табиғатын бұзатын заңдарға жол ашып берді дейді.

Ғалым Шоқан мың жылдық тарихы бар билер сотының негізін қазақтың, әділет ісінің алды-артын байқарлық білім-ғылымы, ұяты бар еркін, егемен азаматтардың тәуелсіз одағы қалаған еді депті. Шоқан біліп айтып отыр, ғылымнан әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғалуына құқығы бар деген норманың мың жылдық тарихы бар екені белгілі.

Ғылым адамзаттың тарихында судьялардың тәуелсіз одағы мемлекеттік биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесінің тәуелсіздігін бекітуі үшін ғана емес, ол адам баласының құқығы мен бостандығы сот арқылы қорғалуы үшін пайда болғанын растайды. Өйткені түрлі-түсті әлеуметтік топтардан тұратын азаматтық қоғамда әділет ісін қорғайтын институт қажет еді.

Яғни, адамзатта әділеттікке сұраныс күн тәртібінен әсте түспеген. Олай болатынның себебін Абайдың замандасы Бердақ айтып кеткендей: «Дүние дүние болғалы, Патша әділ болған емес. Шайыр қолға қалам алғалы, қағазға түзу сөз түскен емес.»

Абай да айтпай ма: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп. Шәкәрім тіпті терең тұңғыққа тартады: «Тамам адам періште болмай тұрып, «Ал, түзелші» дегенге ешкім көнбес» деп. Әкімді де, әркімді де әділетті әдетті үйренуге мәжбүрлеу қажет. Әркімнің адам болып өмір сүру құқығын толымды соттың татымды толық билігі арқылы сөзсіз қорғалуын қамтамасыз ету жолымен. Олай болмаса, адамзат ғұмыры Абайдың Көкбайындай жылаумен өтері де шын.

Марат АЗБАНБАЕВ,
доғарыстағы судья

АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Аудан әкімінің алғашқы сайлауы өтті

Жетісу облысында 18 қаңтарда Кербұлақ ауданы әкімі сайлауы өтті. Оған бастапқы кезде аудан әкімінің екі орынбасары мен Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы үміткер ретінде тіркелген болатын. Алайда кейін өзін-өзі ұсынған 1987 жылы туған Мырзабек Елдос Сәкенұлы өз кандидатурасын алып тастау туралы жазбаша өтініш беруіне байланысты Кербұлақ ауданының әкіміне кандидат ретінде тіркеуінің күші жойылды. Соның нәтижесінде сайыс «AMANAT» партиясы мен «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы ұсынған кандидаттар арасында ғана өтті.

Кербұлақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мәліметі бойынша, сайлаушылар тізіміне енгізілген 26 040 азаматтың 17 317-і дауыс беруге қатысқан. Оның 80,9% немесе 14 004-і 1984 жылы туған аманаттық үміткер Жүнісбеков Жанат Төлегенұлына сенім білдірсе, 2 444-і 1992 жыл туған акжолдық Зейнулда Абзал Секенұлына өз дауысын берген, ал 576 сайлаушы бюллетендегі «Барлығына қарсы» белгісін белгілеген.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

Еңбек миграциясы мәселесі талқыланды

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Қорыя Республикасының еңбек миграциясы жөніндегі делегация өкілдерімен кездесті. Кездесудің негізгі мақсаты – қазақстандық азаматтарды Корея Республикасына жұмысқа орналастыруға мүмкіндік беретін рұқсат жүйесі аясындағы ынтымақтастықты дамыту. Жиынға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Виктория Шегай мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты.

Басқосуда корей тарапы «ЭйПиЭС» (Employment Permit System) бағдарламасының жұмыс тәртібімен таныстырып, оның Кореяда жұмыс күші тапшы салаларға шетелдік азаматтарды заңды түрде тартуға бағытталғанын атап өтті. Осы орайда Қазақстанның аталған жүйеге қосылу мүмкіндігі кеңінен талқыланды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Алматыда рейд өтті



Мониторинг барысында түнгі уақытта жасөспірімдердің баруы мүмкін компьютерлік клубтарға ерекше назар аударылды. Оны қалалық комьонити орталықтардың резиденттері мен қоғам өкілдері қалалық полиция департаментімен бірлесіп ұйымдастырды.

«Рейд барысында полиция қызметкерлері компьютерлік клубтарда заңды өкілсіз жүрген бірде-бір жасөспірімді анықтаған жоқ. Мұндай фактілер тіркелген жағдайда кәмелетке толмағандар Әуезов аудандық полиция басқармасына жеткізіліп, ата-аналары немесе қамқоршылары шақырылатын еді. Ал 22:00-ден кейін жасөспірімдердің болуына жол берген мекеме иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылады», – деді Алматы қаласы Әуезов ауданы комьонити орталығының директоры Бауыржан Маханбет. Оның айтуынша, компьютерлік клубтарда, қоғамдық кеңістіктерде және сауда, ойын-сауық орталықтарында профилактикалық рейдтер ай сайын, тұрақты түрде өткізіледі. Мәселен, былтырмен салыстырғанда биыл қаңтар айы оң көрсеткішпен басталып отыр.

А.МӘУЛЕНБАЙ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

481 медициналық техника сатып алынбақ

2025 жылы облыстың денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасын жаңғыртуға 6 жарым миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. 2026–2028 жылдар аралығында стационарлық және амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар үшін 481 медициналық техника сатып алу жоспарлануда. Бұл медициналық техникамен қамтылу деңгейін 95 пайызға дейін жеткізуге, тозу деңгейін 30 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Мәселен, биыл Семей қаласындағы Ядролық медицина және онкология орталығына жақында компьютерлік томограф және цифрлық рентгендік маммографиялық аппараты келді. Бұл медициналық жабдықтар орталықтың өз қара-

жаты және 2023–2027 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспар аясында республикалық бюджет есебінен сатып алынды. Аталған жоба шеңберінде клиникалық зертханаларға, емханалық бөлімге, хирургия, анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелеріне, сондай-ақ, басқа да құрылымдық бөлімдерге 50 түрлі медициналық құрал-жабдық сатып алынды.

Ядролық медицина және онкология орталығының директоры Саят Таңатаровтың айтуынша, облыстың 600 мыңнан астам тұрғынына қызмет көрсететін бұл орталық 1978 жылы салынған. Онда 85 төсек-орынға арналған стациона, емхана, радиологиялық орталық және радиология бөлімі жұмыс істейді. Қазіргі таңда мұнда 575 адам еңбек етеді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
АБАЙ ОБЛЫСЫ

Тасқынға тосқауыл

Ақмола облысы әкімінің орынбасары Алтынай Амренова Төтенше жағдайлар министрлігінің өкілдерімен көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық мәселелерін талқылады.

Ақмола облысындағы су тасқынына қарсы іс-шаралар 163 елді мекенді қамтыды. Бұл өңірде 494 көл мен 111 өзен бар. Бүгінгі күні жалпы ұзындығы 55 км болатын Қалқұтан, Нұра, Есіл, Шағалалы және Жабай өзендерінде арналарды тазалау және тереңдету жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ Бұланды, Атбасар, Бурабай, Біржан сал, Ақкөл, Жаксы, Аршалы, Зеренді және Шортанды аудандарында 17 гидротехникалық құрылысты нығайту және қалпына келтіру жұмыстары да толық аяқталды.

А.ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Қазалы тұрғындары таза ауызсумен қамтылды

Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы Сарыбұлақ ауылына ауыз су қосу рәсімі өтті. Оған сенатор Наурызбай Байқадамов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аудандағы Сарбұлақ, Шилі, Шөкен және Шитүбек елді мекендерін ауыз су желісіне қосуға республикалық, облыстық бюджеттен және қайтарылған активтер есебінен 1,5 млрд теңге қаржы бөлініп, бүгінде құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Соның нәтижесінде Қазалы ауданы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылды.

2022–2024 жылдары «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 31 млрд 600 млн теңгеге өңірдегі 78 ауылдың әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 343 жоба жүзеге асқан болатын.

Т.ИБАШЕВА
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

Жаңа қоныс құтты болсын!

Шымкентте тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жоспарлы жұмыс жалғасуда. Соның аясында Асар-2 шағынауданында 46 отбасыға жалдамалы пәтер кілттері табысталды. Бұл пәтерлер қаланың коммуналды тұрғын үй қорынан әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға беріліп отыр.

Салтанатты рәсімге қала әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысып, жаңа қоныс иелерін маңызды оқиғамен құттықтады, бұл бағытта жүйелі жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті.

Р.НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ



Мәдени нысандар маңызға ие

Жамбыл облысында 2025 жылы 11 мәдениет нысаны халық игілігіне берілді. Биыл тағы 5 мәдениет үйін пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл туралы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының басшысы Ерлан Жүнісбай айтты. Бүгінде облыста халыққа мәдени қызмет көрсететін 506 мекемеде 3 648 қызметкер бар.

Өңірде 2022 мәдениет үйі мен клуб мәдени-көпшілік қызмет көрсетіп келеді. 819 клуб құрылымына 10 918 адам тартылған, оның ішінде балаларға арналған 620 үйірмеге 8 526 бала қатысады.

Ш.КӨПРБАЙ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ



ПІКІР

ҰЛТ ТІРЕГІ

Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілін меңгерумен қатар, іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру – бүгінгі күннің өткір мәселесі, заман талабы болып отыр. Әлемнің дамыған елдерінің қатарына кіру үшін де ел экономикасымен қатар, әлеуметтік мәселелерге, оның ішінде мемлекеттік тіл мәселесіне көңіл бөлуіміз керек.

Ана тіліміздің құқықтық мәртебесі айқындалған. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін 1993 жылғы Конституцияда бекітіп, 1997 жылы тәуелсіз Қазақстанның «Тілдер туралы» заңы қабылданды. Осы заңның негізінде мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында барлық салада қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу, іс қағаздарын жүргізу тілі саналады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін заңнамаға енізілген өзгерістер мен толықтырулар – мемлекеттің өз тіліне деген шынайы қамқорлығының, заң алдындағы теңдіктің және азаматтың құқығына деген құрметтің көрінісі. Тек, заңның өз деңгейінде орындалып, тіл құқығының қорғалуын қаматамызс етуіміз керек. Десе де, бұл тек заңгерлер мен судьялардың ғана жұмысы емес, бұл – әр мемлекеттік қызметшінің және құқық қорғау

қызметкерлерінің, әрбір азаматтың ортақ міндеті болуы керек. Тіл – елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйытқы, ұлттық бірліктің негізі, адамның рухани және имандылық қасиеттерінің басты факторы. Тіл білу халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін терең тануға жол ашады. Өзгелерге мемлекет ретінде танылғымыз келсе, біз ең алдымен қасиетті ана тілімізді сақтауымыз қажет. Өйткені, тілі жоғалған күні ұлттың өзі де жоғалатыны анық. Тарихта алдымен тілін жоғалтып, содан соң өздері жоғалған ұлттар қаншама. Тарихтан белгілі, қандай ел болмасын бостандық алғаннан соң ең бірінші тілдің мәселесін шешеді.

Осы орайда айта кетсек, елімізде қазақ тілінде өтетін сот отырыстарының саны артып келеді. Негізі сотқа талап-арыз қай тілде түссе, сот отырысының тілі де сол тілде өтеді. Сондықтан елімізде қазақ тілінде өтетін сот отырыстарының көбеюі мемлекеттік тілге деген сұраныстың да жоғарылап келе жатқанын аңғартады. Тіпті, соңғы кездері онлайн, қазақ тілінде, бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен өтетін сот отырыстарының көбеюі еліміздегі сот органдарының қазақ тіліндегі процестерге толығымен дайын екенін білдіреді. Сондықтан елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесі биіктеп келе жатыр деп айта аламыз. Демек алдағы күндерге сенім зор!

Айдана МАМБЕТҚАЗИЕВА,
Ақтөбе гарнизоны әскери
сотының төрағасы

ЖАРНАМА

қабылданады: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 21/2, 120-пәтер, тел. 8 702 598 35 69.

18. «Prospector.kz» ЖШС (БСН 221140036864) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Ермек Серкебаев даңғылы, 62-ғимарат, тел. +7 705 888 77 88.

19. «№6 жалпы орта білім беретін мектебі қамқоршылар кеңесі» қоғамдық қоры (БСН 191140019698) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Кеңес ауылы, Қанатбай Тайшыманов көшесі, №35. Тел. 5-40-02.

21. «Санжар GOLD-2022» ЖШС (БСН 220440033808) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Молығы Шойманов ауылы, Омаш Намайұлы көшесі, 26-үй, индекс 160711.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүнгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru



САНДЫҚ ЖҮЙЕ

eOTINISH

платформасының ауқымы кеңейді

Мемлекет пен халық арасындағы цифрлық өзара іс-қимылдың негізгі құралына айналған eOtinish платформасы қазақстандықтар арасында сұранысқа ие. Былтыр бұл жүйе арқылы 5 миллионнан астам өтініш қабылданды. Бұл «Естуші мемлекет» тұжырымдамасы аясында азаматтар мен бизнес өтініштерін қараудың жаңа форматының тиімділігін айқын дәлелдейді.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ командасы платформаны одан әрі ыңғайлы әрі тиімді ету бағытында жүйелі түрде дамытып келеді. Қазіргі таңда біз жедел әрекет ету мен деректерді талдауға арналған жасанды интеллект көмекшілерін енгізу және жетілдіру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз», – дейді «ҰАТ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Гүлмира Исабекова.

Бұл компания «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының, жасанды интеллекттің және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік жүйесінің операторы болып табылады, сондай-ақ орталық және өңірлік мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Бүгінде платформа пайдаланушылары онлайн режимде өз өтініштерінің мәртебесін қадағалап, мемлекеттік органдармен өзара әре-

кеттесу тарихын көре алады, жауаптардың сапасын бағалап, орындалуы бойынша шағымдар жолдай алады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының соттарына арыздар бере алады. Өтінішті eOtinish.kz сайты, eGov.kz порталы, eGov Mobile мобильді қосымшасы, сондай-ақ ХҚКО мен «Нәтиже» өтініштерді қабылдау орталықтары арқылы беруге болады

Бірыңғай цифрлық платформаны іске қоспас бұрын өтініштер әр ведомствоның өз арналарымен қабылданып, тіркелетін. Бұл азаматтар үшін қолайсыздық туғызып, үдерістердің ашықтығын төмендетіп, ведомствоаралық бақылау мүмкіндіктерін шектейтін. eOtinish осы үдерістерді бір жүйеге біріктіріп, ашықтықты, ыңғайлылықты және орындау мерзімдерін бақылауды қамтамасыз етеді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ӘРТҮРЛІ

6. «БРИТИШ АМЕРИКАН ТОБАККО ҚАЗАҚСТАН ТРЕЙДИНГ» ЖШС (БСН 030440001818) жарғылық капиталдың 15 961 255 000 (он бес миллиард тоғыз жүз алпыс бір миллион екі жүз елу бес мың) теңгеге дейін азайтылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қабанбай батыр көшесі, 47.

7. «Горнорудная компания «Тас-Кум» ЖШС (БСН 130740021093), «Enzi group» ЖШС-ін бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.Талап-арыздар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 46, ВП 4, тел. +7 771 127 26 27, пошта: azamat.khayrullin@list.ru.

10. «Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы әкімдігінің «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, (БСН 630140000053) өзінен екінші компания «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Тимирязев ауылдық округі, Тимирязев ауылы, Уәлиханов көшесі, 1-үй.

11. «Тенгизская транспортная компания» ЖШС (БСН 020340000896) өзінің жарғылық капиталын 800 000 000 теңге мөлшеріне дейін төмендететіні туралы мәлімдейді 4 870 139 305, 70 теңгеден 4 070 139 305, 70 теңгеге дейін. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір айдың ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Марат Темірханов көшесі, 1А -құрылыс, индекс E02E5C1. Тел. +7 777 888 2020, +7 7123304051 # 200.

13. «Жол Белгілері Зауыты» ЖШС (БСН 060540001690) 27.02.2026 ж. сағат 10.00-де Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Қазыбаев көшесі, 1, №300 кабинет мекенжайы бойынша қатысушылардың кезекті жалпы жиналысын өткізу тағайындағанын хабарлайды. Жиналыстың күн тәртібі:

1. «Шағын өнеркәсіптік паркті құру және шағын өнеркәсіптік парктің басқарушы компаниясын айқындау».
2. «Серіктестікті басқаруға қатыспайтын қатысушыларға қатысты құқықтық шығуды анықтау».

20. «Дом Комфорта» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті департаментінің Алматы қаласы бойынша 2026 жылғы 21 қаңтардағы №7-ОД бұйрығымен тариф және тарифтік смета, сондай-ақ ыстық сумен жабдықтау бойынша сараданан тарифтер мен төлем мөлшерлері бекітіліп, 2026 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілді. Орташа тариф 7 605,65 теңге/Тка құрайды.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2025 жылы 7 қарашада қайтыс болған Сүлейменов Әбду Құлмағанбетұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ж.С.Абуоваға келулеріңіз керек. Астана қаласы, Р.Қошкарбаев даңғылы, 37, н.п.192. Тел. 8 701 743 23 68.

12. 2020 жылы 29 маусымда қайтыс болған Молдабек Оразбек Молдабекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы,Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ.,Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а,Молодежный 3-үй,1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87717268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (аупадан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

СУДЬЯ МІНБЕРІ

Соттың беделі – мемлекеттің беделі. Сондықтан да соттың тәуелсіздігін нығайтып, мәртебесін көтеруге, сот жүйесіне деген сенімді арттыруға бағытталған реформалар жылдар бойы үздіксіз жалғасып келеді. Ал азаматтардың сенімін қалыптастыруда соттың жұмысын барынша ашық, жедел, қолжетімді етудің маңызы зор. Заңнамалардағы өзгерістер мен толықтырулардың өзі сот жұмысын оңтайлы етіп, істерді мейлінше жедел, қысқа уақытта, әуре-сарсаңсыз қарауға бағытталған. Мұндай жаңғыртуларды Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен де байқауға болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамадағы маңызды жаңалықтың бірі – жеке тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартудың сараланған тәртібін енгізуден көрініс тауып отыр. Сондай-ақ, бүгінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жалпы және қысқартылған тәртіпте қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сай қысқартылған іс жүр-

лау жөніндегі уәкілетті орган қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның уәкілетті қызметкерлері Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 804-бабының 2 және 2-1 бөліктерінде көрсетілген баптар бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасаған жағдайда



ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСТЕГІ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ІС ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

гізудің тәртібі 42-тарауда дәйектелген. Заңнаманың 810-бабында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізудің негіздері көрсетілсе, 811-бапта қысқартылған іс жүргізудің тәртібі нақтыланған. Соған орай әкімшілік құқықбұзушылық орын алған жерде құзырлы орган өкілдері хаттама толтырып, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға айыппұл белгіленеді.

Бұл тұрғыда азаматтың құқық бұзушылық фактісімен келісіп, кінәсін мойындауы, айыппұлды ерікті түрде төлеуге дайын болып және уәкілетті органға ешқандай талап қоймауы шарт. Қысқартылған тәртіптегі хаттаманы алғаннан кейін 7 күн ішінде жалпы айыппұлдың 50%-ын төлеу мүмкіндігі түріндегі ынталандыру механизмі қарастырылған. Егер азаматтар құқық бұзушылық фактісіне дауласса, іс жалпы тәртіппен қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 810-бабының екінші бөлігіне сәйкес, санкцияда ескертуден басқа жаза түрі көзделсе; құқық бұзушылықты артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдар жасаса, іс мемлекеттік кіріс органдары қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған кезде; істі ҚР Ұлттық Банкі және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадаға-

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізудің қысқартылған тәртібі қолданылмайды.

Қысқартылған іс жүргізу процедуралық тұрғыдан азаматтардың уақытын үнемдеуге көмектеседі, әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу деңгейін арттырады және әкімшілік құқық бұзушылық істерінің мүмкіндігінше тез қаралуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл әкімшілік процеске қатысушыларды сот әуресінен құтқарады.

Істерді қысқартылған тәртіпте қараудағы мақсат процесті жеделдету болғанымен, 810-бапты қолданудың нақты шекараларын анықтау теріс пайдалануды немесе керісінше, қажетсіз күрделілікті болдырмау үшін нақты тәжірибе мен түсіндіруді талап етеді.

Сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтарды қысқартылған тәртіпте қарауда ескерер бірқатар мәселелер бар. Мәселен егер орын алған құқықбұзушылық бірден емес, белгілі бір уақыт өткеннен кейін анықталса, қысқартылған әкімшілік рәсім қолданылмайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу тек анықталған адамға қатысты ғана жүргізілуі мүмкін екенін де ескерген дұрыс. Белгісіз адамға қатысты әкімшілік іс жүргізу жүргізілмейді, себебі бұл рәсімді қолданудың мін-

детті шарттары орындалмайды. Сонымен қатар, мұндай адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасын қолдану немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығару мүмкін емес.

Егер адам құқық бұзушылық жасағанын мойындаудан бас тартса және айыппұлды заңмен белгіленген мерзімде төлеуден бас тартса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу қысқартылған тәртіпте емес, стандартты тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Қысқартылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу тек жоғарыда аталған шарттар бір мезгілде орындалған жағдайда ғана қолданылады.

Заңдағы бұл жеңілдіктер азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтып, уақыты мен әуресін азайту мақсатында енгізілгені түсінікті. Сондықтан азаматтар игілігі үшін қолданылатын бұл артықшылықтарды азаматтар біліп, қажетіне жаратқаны абзал.

Алинасыр ҚАДЫРОВ,
Қонаев қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БАСЫМ БАҒЫТТЫҢ БІРІ

Ақтөбе облыстық сотында сот процестерін цифрландыру бағытында көшенді және жүйелі жұмыстар жүзеге асырылуда. Аталған шаралар сот төрелігінің ашықтығын, тиімділігін және қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған.

Бүгінде сот органдарында құжат айналымы кезең-кезеңімен электрондық форматқа көшіріліп, «Төрелік» ақпараттық жүйесі және өзге де цифрлық сервистер арқылы талап-арыздар мен өтініштерді электронды тәсілмен қабылдау мүмкіндігі қамтамасыз етілді. Бұл азаматтар мен заңды тұлғалардың уақыт шығынын азайтып, процестердің жеделдігін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, сот отырыстарына қашықтан қатысуға арналған бейне-конференциялық байланыс жүйелері кеңінен қолданылып, шалғай аймақ тұрғындары үшін сот төрелігіне қолжетімділік деңгейі артты.

Ақпараттық қауіпсіздік мәселелері

басым бағыттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты серверлік инфрақұрылымды жетілдіру, бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңарту, киберқауіпсіздік және деректерді қорғау шараларын күшейту бойынша тұрақты жұмыстар атқарылуда. Бұл сот жүйесіндегі ақпараттық ресурстардың сенімді қорғалуын қамтамасыз етеді.

Жүргізіліп отырған цифрландыру шаралары сот жұмысының тиімділігін арттырып, құжат айналымының жеделдеуіне, адами факторының төмендеуіне және процестердің барынша айқын болуына ықпал етті. Алдағы кезеңде Ақтөбе облыстық соты цифрлық трансформацияны жалғастыра отырып,

жаңа электрондық сервистерді енгізу, автоматтандыру деңгейін арттыру және ақпараттық жүйелерді одан әрі жетілдіру жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде сот жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану күннен-күнге артып келеді. Электрондық сот ісін жүргізу, ақпараттық жүйелер, деректер базасы және онлайн сервистер сот жұмысының тиімділігін арттырғанымен, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесін алдыңғы қатарға шығарып отыр. Сот органдарында азаматтардың жеке деректері, сот істеріне қатысты материалдар, қызметтік және құпия ақпараттар сақталады. Осы мәліметтердің қауіпсіздігі – сот жүйесіне деген қоғамдық сенімнің негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Ақпараттың заңсыз таралуы немесе бұрмалануы заң талаптарының бұ-

ДАУ МҰРАТЫ - БІТІМ

ЗАҢ АДАМ ПАЙДАСЫНА ЖАЗЫЛАДЫ

«Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тұмайды ғой» деген екен алаштың ардақты ұлдарының бірі Әлихан Бөкейханов. Сол айпақшы, қай заманда, қай мемлекетте болсын заң адамның құқығы мен бостандығын қорғауға қызмет етеді. Шындығында көз келген заң адамның пайдасы үшін жазылады. Мемлекетте заңды сақтау – әділеттіліктің негізі. Сонымен бірге әділетті қоғамда заң – төндік пен тәртіптің көпілі ретінде жоғары бағаланады.

Құқықтық мемлекеттегі барлық әлеуметтік қатынастар тек заңмен реттеліп, заң аясында шешілетіні белгілі. Ал ел ішіндегі дауқестікті азайтып, азаматтар арасындағы сыйластық пен татулықты сақтауға қызмет етіп келе жатқан маңызды құжаттың бірі – «Медиация туралы» заң.

Бұл заңның қолданылып келе жатқанына он бес жылдың жүзі болыпты. Алайда, тәуелсіз елдің тарихындағы медиация институтының жылнамасы 2011 жылдан басталғанымен, жалпы бітімгершілік институтының тарихы тереңде. Қазақ халқының ежелгі заңнамаларының қай-қайсысын алсаңыз да мұнда кешірім мен келісімге, татулық пен тұрақтылыққа, бітім мен мәмілеге ден қойылған. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», әз-Тәукенің Жеті жарғысында тентекті тезге салудың тетігі жазалауға емес, тәрбиеге, жауаптылықты сезініп, қателікті өз еркіңмен түзеуге бағытталғанын аңғару қиын емес. Соның арқасында ауыл арасында алауыздыққа жол берілмеген, жақындар арасындағы жарасымды сыйластық сақталған. Міне, сол дала заңынан тамыр алған «Медиация туралы» заң азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеудің, жүйкесі мен күш-қайратын сақтаудың мүмкіндігі саналады.

Бүгінде медиацияның дау шешудегі өте тиімді, заңды құрал екенін азаматтар жақсы біледі. Азаматтық, әкімшілік істер тұрмақ, тараптар қылмыстық істерге де медиацияны мейлінше кең қолдануда. Себебі істерді сот алаңында қарап, шешімін ұзақ уақыт күткеннен гөрі, кәсіби немесе кәсіби емес медиатордың құзырына жүгініп, ортақ келісімге келген анағұрлым ыңғайлы.

Оның қос тарапқа да ыңғайлы болатыны – уақытты үнемдейді. Айталық істер соттарда айлап, жылдап қаралса, медиацияда қос тарап алғашқы жүздесуден кейін-ақ ортақ келісімге

келіп, кикілжіңді көп созбай бітіруі мүмкін. Бүгінгідей әрбір секунд, әр минут бағалы кезде азаматтардың алтын уақытын сот алаңында дау қуып өткізбей, мақсатты, жоспарлы жұмыстарына арнауы ел үшін де, азаматтардың өзі үшін де анағұрлым тиімді екені талассыз.

Сотқа бару, сот процесіне қатысу үшін заңгер көмегіне жүгіну де қалтаға аз салмақ салмайды. Ал медиацияның артықшылығы – заңгер кеңесіне жүгінбей-ақ медиатордың көмегімен ортақ келіссөзге келудің ыңғайлылығында. Сонымен бірге екі тарап татуласса, баж салығының қайтарылатыны да медиация институтының дұрыстығын көрсететін аргумент.

Сот – жария процесс. Елімізде санаулы істер қатарынан басқа процестер ашық, жария өткізіледі. Сәйкесінше екі тараптың бүкіл құпиясы сот залында көпшілікке толық әшкереле болады. Ал медиация тараптар құпиясын сақтау шартымен құнды.

Сот – дау алаңы. Сондықтан өз уәжін жеткізіп, өз сөзін дәлелдеу үшін тараптардың айғайлауы, эмоциясын көрсетуі, сөз таластыруы қалыпты үрдіс. Осы тұрғыдан алғанда медиация қос тарапты байыппен тыңдап, екі жақтың пікірі мен уәжін ескере отырып ортақ келісімге келтіре алуымен жоғары бағаланады. Міне, осы артықшылықтарды білгеннен кейін бүгінде «Медиация туралы» заңға сүйенетіп, дауларын медиация арқылы реттеуге тырысатын азаматтар көп. Осының өзі бітімгершілік заңының өзіне жүктелген міндетті толық орындап, ел көңілінен шығып келе жатқанын дәлелдесе керек.

Майкүл МАМУТОВА,
Талдықорған мамандандырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ



Жәстібек ЖАМИЕВ,
ҚР Сот әкімшілігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі бөлімінің бас маманы

зылуына және азаматтардың құқықтарының шектелуіне әкелуі мүмкін. Осыған байланысты сот саласында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді. Ақпараттық жүйелерге қол жеткізу тек уәкілетті қызметкерлерге ғана беріледі. Пай-

даланушылар жүйеге жеке логин мен пароль арқылы, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану арқылы кіреді. Бұл бөгде тұлғалардың жүйеге заңсыз кіруіне тосқауыл қояды.

Ақпараттық қауіпсіздіктің маңызды бағыттарының бірі – адам факторы. Сот қызметкерлерінің ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін арттыру киберқауіптердің алдын алуда шешуші рөл атқарады. Күмәнді электрондық хаттарды ашпау, белгісіз сілтемелерге өтпеу, құпия деректерді үшінші тұлғаларға бермеу – әрбір қызметкер қатаң сақтауы тиіс негізгі талаптар. Сонымен қатар, техникалық қауіпсіздік шаралары да жүйелі түрде жүзеге асырылады. Антивирустық бағдарламалар орнату, деректердің резервтік көшірмесін жасау, ақпараттық жүйелерді уақытылы жаңарту және желілік қауіпсіздік құралын қолдану сот жүйесінің үздіксіз әрі қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау – тек техникалық міндет емес, ол әрбір сот қызметкерінің кәсіби жауапкершілігі. Бұл бағыттағы кешенді шаралар сот жүйесінің ашықтығын арттырып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сенімді қорғауға мүмкіндік береді.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6545 дана
Апталық таралым 13090 дана
Тапсырыс №13 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31